



ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақ ұлттық өнер университеті
Министерство культуры и спорта РК
Казахский национальный университет искусств

25 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ

Халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция
**ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЖОО ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ВЕКТОРЛАРЫ**

Международная студенческая научно-практическая конференция
**ИСКУССТВО, КУЛЬТУРА И НАУКА – СОВРЕМЕННЫЕ ВЕКТОРЫ
РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОГО ВУЗА**

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақ ұлттық өнер университеті**

**Министерство культуры и спорта РК
Казахский национальный университет искусств**

Халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция
**Өнер, мәдениет және ғылым – шығармашылық ЖОО дамуының
заманауи векторлары**

Международная студенческая научно-практическая конференция
**Искусство, культура и наука – современные векторы
развития творческого вуза**

Астана – 2023

Бас редактор: философия ғылымдарының кандидаты С. К. Шаймерденова

Бұл жинаққа 2023 жылы 28 сәуірде Қазақ ұлттық өнер университетінде өткен «Өнер, мәдениет және ғылым – шығармашылық ЖОО дамуының заманауи векторлары» атты Халықаралық студенттік ғылыми – практикалық конференция материалдары енген. Іс-шараның мақсаты студенттердің шығармашылық белсенділігін жетілдіру, ғылыми ойды қолдау және дамыту, жастардың ғылыми ізденістердегі белсенділігі мен шығармашылық бастамаларын арттыру болды. Мақалалар авторлық редакцияда жарияланады.

Главный редактор: кандидат философских наук, Шаймерденова С.К.

Данный сборник включает материалы Международной студенческой научно-практической конференции «Искусство, культура и наука – современные векторы развития творческого вуза», проходившей 28 апреля 2023 года в Казахском национальном университете искусств. Цель мероприятия состояла в развитии творческой активности студентов, поддержке и развитии научной мысли, повышении активности и творческих инициатив молодежи в научных изысканиях. Статьи публикуются в авторской редакции.

Секция «Музыкальное искусство»

О профессиональной деятельности современных музыкантов - исполнителей

Берлибек Сергилана

Ст. 3 курса спец. «Инструментальное исполнительство. Фортепиано»

научный руководитель: доцент Латышова Л. В.

Казахский национальный университет искусств

г. Астана. Казахстан.

Традиционно профессиональная деятельность современных музыкантов-исполнителей складывается из кропотливой работы по созданию художественного образа исполняемого произведения, детального изучения нотного текста, продумывания собственной интерпретации, поиска средств музыкальной выразительности и рациональных технических приемов. В наш век продвинутых технологий стало актуальным использование музыкантами-исполнителями гаджетов, интернет-ресурсов, специальных цифровых компьютерных программ по редактированию аудио- и видеоматериала, а также других средств, помогающих в творческой работе, делающих ее более комфортной и удобной. В этой связи рассмотрим профессиональную деятельность музыкантов-исполнителей в контексте различных этапов работы над музыкально произведением. «Такое членение все же весьма условно, так как на практике данные этапы работы не только неразрывно связаны между собой и не могут быть точно разграничены, но нередко в значительной мере совпадают или, во всяком случае, частично взаимопроникают» [5, с. 31].

Первый этап – создание воображаемого целостного музыкального образа, являющегося «неким предельно сжатым конспектом того, что ещё предстоит сыграть» [1, с. 22]. На этом этапе зарождается и формируется исполнительский замысел. «Главная задача исполнителя - дать произведению воздействовать на себя. Контакт с «душой» произведения должен дать «искру» и разжечь к нему пламенное отношение» [7, с. 63]. Традиционно знакомство исполнителей с произведением происходит с помощью эскизного чтения с листа. Благодаря интернет-технологиям музыканты-исполнители имеют возможность послушать интерпретацию различных исполнителей в записи и создать собственную трактовку художественного образа произведения. Большое значение имеет процесс накопления знаний о форме, стиле, жанре и других особенностях исполняемой музыки, а также о личностных, стилевых и творческих особенностях композитора. В интернете существует огромное количество сайтов, предоставляющих данную информацию. Кроме того, благодаря глобальным социальным сетям и действующим в них активным профессиональным сообществам, музыканты-исполнители разных стран могут общаться и между собой, обсуждать вопросы исполнительства и интерпретации музыкальных произведений. Игнорирование первого этапа работы над музыкальным произведением приводит к утрате исполнения художественно-эстетической ценности.

Далее музыканту-исполнителю предстоит длительная работа с нотным текстом. Традиционно ноты на бумажном носителе можно взять в библиотеке или приобрести в специализированном магазине, интернет-магазине. Кроме того, электронную версию нот многих произведений довольно легко найти в Интернете, в электронных музыкальных архивах (бесплатных и платных), на сайтах композиторов или музыкальных конкурсов.

Второй этап – работа над деталями текста музыкального произведения с целью воплощения художественного образа. Для этого необходимы определение и классификация элементов музыкальной фактуры, выбор темпа, поиск рациональных технических решений в соответствии с представлениями о месте и роли каждой из них в интерпретации. Работа над технически сложными местами может проводиться по-разному. Для этого сначала нужно продумать правильную аппликатуру, определить элементы образования формы и фактуры произведения, выделить из фактуры сложные места и поработать над ними в форме упражнений. В такой работе помогает электронный метроном, ставший привычным и незаменимым приложением в гаджетах музыкантов-исполнителей. На третьем этапе ранее отшлифованные детали собираются воедино, происходит создание целостного музыкального образа. На этом этапе музыкант-исполнитель корректирует детали исполняемого произведения, уточняет темпы, корректирует динамический план, агогику, исполнительские и художественные приёмы.

Профессор В. Х. Разумовская выделяла четыре этапа подготовки произведения, иносказательно характеризуя первый как «подземный», второй «земной», третий «небесный» и четвёртый снова «земной». На четвёртом «земном» этапе начинается работа над артистизмом, свободой исполнения. «На этом высшем этапе художественного синтеза роль педагога сводится к тому, чтобы помочь ученику «отрежиссировать» свое исполнение, установить связь частей и роль каждой детали, охватить произведение в целом – «выстроить» форму и достигнуть убедительности в передаче его главной идеи» [1, с. 50]. На этом этапе музыканту-исполнителю полезно послушать произведение в собственном исполнении «со стороны». На сегодняшний день программа или произведение могут быть представлены не только на концертной эстраде в виде живого исполнения, но и с помощью аудио- и видеозаписей. Записывать свое выступление музыканты могли и в XX веке, но в наше время цифровых технологий «звукорежиссер имеет возможность сделать не только запись отдельных частей материала и собрать их воедино, но и внести корректировки в нужные эпизоды, при этом добавив инструментальный или вокальный слой» [2, с. 33]. Кроме того, современные технологии позволили значительно снизить стоимость студийной звукозаписи, а появление различных функций по редактированию, таких как шумовые фильтры и балансировка звука, улучшило качество звучания профессиональных студийных записей. Одним из наиболее ярких примеров технологического развития в музыкальной сфере является появление известного цифрового аудио- формата mp3, ставшим стандартным цифровым форматом для музыкального контента, а его уникальная технология сжатия файлов до меньших размеров без ущерба для качества звука сделала его

особенно распространенным в сети интернет. «Слияние новых звуковых и компьютерных технологий превратили музыкальный контент в информационный продукт» [3, с. 2].

Заключительный этап работы над произведением состоит в достижении уровня «эстетической завершенности» интерпретации, при котором большую роль играет психологическая подготовленность музыканта-исполнителя. У всех исполнителей есть боязнь публичного выступления. «Вопрос, как готовиться к публичному выступлению, естественно, интересует многих педагогов и учащихся. Дать тут общий рецепт очень трудно, даже невозможно, учитывая разнообразие характеров, дарований и жизненных обстоятельств учеников» [6, с. 174]. Можно целиком играть произведение перед воображаемыми зрителями, а можно воспользоваться интернетом и социальными сетями для того, чтобы выйти в прямой эфир и сыграть перед виртуальной аудиторией. Сегодня любой человек может размещать записи и видео в интернете и получать мгновенную обратную связь и доступ к большой аудитории. Яркий пример показала пианистка Валентина Лисица, которая смогла добиться популярности, концертов в крупнейших залах мира и контрактов с престижной звукозаписывающей компанией благодаря YouTube. Сегодня ее аудитория составляет пятьдесят пять миллионов зрителей. Все это стало возможным благодаря сети Интернет.

В настоящее время каждый может разместить в Интернете все, что угодно, и появилось огромное количество записей совершенно разного уровня, в которых трудно ориентироваться. Поэтому возникает вопрос отбора контента, иначе шансы на то, что артист найдет своего слушателя, а слушатель своего артиста, будут практически нулевыми. В своем отношении к Интернету музыканты расходятся во мнениях. Одни, как Валентина Лисица, считают Интернет благом, большой помощью, возможностью быть в контакте с большой аудиторией, которая может дать мгновенную реакцию на их творчество, что очень важно для музыканта. Другие, напротив, считают, что Интернет разрушает классическую музыку. Например, известный польский пианист Кристиан Циммерманн в своём интервью в газете «The Guardian» пожаловался, что потерял контракты со многими звукозаписывающими компаниями, так как многие его произведения были выложены поклонниками на YouTube, и уже не было смысла выпускать компакт-диски. «Кроме того, неограниченные возможности записывать и выкладывать записи ведут к проблеме защиты авторских прав» [4, с. 97]. Но как бы музыканты ни относились к Интернету, они должны адаптироваться к этой новой реальности. Благодаря Интернету музыканты стали гораздо ближе к своей аудитории, но иногда им приходится иметь дело и с обратной стороной этого явления - чрезмерно эмоциональными поклонниками и оскорбительной критикой. Как музыканту найти необходимый баланс между дистанцией и доступностью, как не потеряться в бескрайнем потоке информации - это решение каждый должен принимать сам, исходя из своих предпочтений и личных качеств.

Бывают такие концерты, когда исполнителю нужно играть по нотам. Многие исполнители в нынешнее время используют планшеты вместо

бумажных нот. Например, Брюссельский филармонический оркестр стал первым оркестром в мире, который вместо бумажных нот, использует цифровые, то есть планшеты не только на повседневных репетициях, но и на концертах. Какое преимущество планшеты дают музыкантам-исполнителям? Во-первых, это экономия времени и денег, так как на приобретение и копирование бумажных нот для всего оркестра уходят финансовые средства особенно тогда, когда репертуар часто пополняется. Также не приходится тратить время на то, чтобы раздать всему оркестру партии, достаточно просто разослать по сети Интернет на планшеты. Большую помощь планшет оказывает и на концертах, так как музыкантам не приходится переворачивать ноты. В Брюссельском филармоническом оркестре планшеты соединены между собой, и ноты могут перелистывать не только музыканты, но и дирижёр. Конечно же, все это актуально и для исполнителей солистов.

Итак, современные музыканты-исполнители, идя в ногу со временем и используя в своей профессиональной деятельности современные технологии, умело сочетают их с традиционными формами и методами работы, что значительно повышает эффективность их работы, делает творческий процесс более насыщенным, интересным, интенсивным и комфортным.

Список использованной литературы:

1. Бейлина С. В классе профессора В. Х. Разумовской. – М. 1982. – 63 с.
2. Бекмагамбетова Ж. А., Бегалинова Г. А. Функциональное многообразие музыкально-компьютерных технологий в исполнительском искусстве Казахстана / Central Asian Journal of Art Studies. – т. 7. №4, 2022. С. 32-49.
3. Беребердин С.В. Музыкальный Ренессанс в цифровую эпоху: новые возможности // Коммуникология. Электронный журнал №1(2). 2017 <https://cyberleninka.ru/article/n/muzykalnyy-renessans-v-tsifrovuyu-epohu-novye-vozmozhnosti> (дата обращения: 24.03.2023).
4. Карабанова А. А. Интернет как новая «жизненная» среда для классического музыканта и слушателя: к постановке проблемы // Общество. Среда. Развитие (Terra Humana) №2. 2015. – С. 95-99
5. Любомудрова Н. А. Методика обучения игре на фортепиано. – Москва: 1982. – 143 с.
6. Нейгауз Г. Г. Об искусстве фортепианной игры. Записки педагога – М.: – 1987. – 240 с.
7. Савшинский С. Работа пианиста над музыкальным произведением – М.: – 2021. – 191с.

Тастанова Алтынай

«Эстрада вокалисі» мамандығының 4 курс студенті

ғылыми жетекшісі: к.п.н. Сметова А. А.

Қазақ ұлттық өнер университеті

Астана қ., Қазақстан.

Ескендір Өтегенұлы Хасанғалиев Қазақстан халқына көрнекті сазгер-әуенші, би жанрындағы эстрадалық әндердің, лирикалық-патриоттық тақырыптағы әндердің авторы ретінде танымал. Ескендір Өтегенұлы шығармашылық жолының басында хор және аспаптық музыка жанрларына бет бұрды: оның иелігінде эстрадалық симфониялық оркестрге арналған аспаптық сюитасы, фильмдерге арналған музыкасы бар, мысалы, «Сіз кімсіз, шабандоз?». режиссері Б.Т әжібаев (1987), спектакльдерге арналған музыка («Нан мен тұз»).

Дегенмен, композитор вокал жанрында жазылған шығармалардың арқасында ең үлкен жетістікке жетті. Алпыс жылдан бері сахнада орындалып келе жатқан әндерден бөлек, оның композиторының «қаламында» көптеген романстар – фортепианоның сүйемелдеуімен дауысқа арналған лирикалық мазмұндағы шығармалар да бар. Ескендір Хасанғалиев романстары, сондай-ақ Қазақстан композиторларының шығармашылығындағы романстар ұлттық мәдениеттің даму ерекшеліктерімен және әлемдік классикалық және қазіргі камералық вокалдық лирика тәжірибесін сіңірумен ерекшеленеді. Бұл дәстүрлі вокалдық өнердің батыс еуропалық және орыс романтикасының жетістіктерімен отандық әуендердің интонациялық негізінде синтезделуінің күрделі процесінің мысалдары. Қазақтың классикалық романсы 20 ғасырдың басында пайда болды, бірақ оның бастауы 17-18 ғасырлардағы қазақтың лирикалық әндері деуге болады. Абай Құнанбаев орыс романсының классикалық музыкалық түрін және қазақ халқының бай ән мәдениетін негізге ала отырып, қазақ романсының дамуына зор ықпал етті.

Ескендір Өтегенұлы өзінің алғашқы шығармасы – Абай Құнанбаевтың өлеңдеріне жазылған романсты – он тоғыз жасында («Өлең сөздің патшасы» 1959), тіпті кәсіби музыкалық білім ала алмай жатып-ақ жазған. Ал Абай шығармашылығына үндеу композитор үшін маңызды болды, оның вокалдық жанрдағы одан әрі шығармашылық жолын анықтады. Көптеген ондаған жылдар бойы композитор бұл романсты қалың жұртшылыққа ұсынбауға тырысты. Ол музыкант болмағандықтан, Абай әндеріне қатты әсер еткендіктен, оның әуенін байқаусызда көшіріп алу ықтималдығы жоғары деп есептеді. Кейін бұл шығарманың жазбасын композитордың ұлы Біржан Абай шығармашылығын зерттеушілерге тапсырды. Олар бұл әуеннің Абайдікі еместігін сенімді түрде анықтады, бірақ оның Абай сөзіне жазылғаны романс стиліне әсер етпей қоймады. Бұл жинаққа енген романстар әуезді оригиналды, интонациялық және ырғақты жарқын, жанрлық және стильдік әртүрлілігімен ерекшеленеді - олар «ән-романс», «романс-терме». Кейбір романстар әуездік құрылымы жағынан қара өлеңге (қазақ халық өнерінің жанры) жақын. Форма жағынан жұп түрі де, өткелі түрі де болады. Әуен диапазонының кеңдігімен ерекшеленеді, көбінесе орындау қарқынының, көңіл-күйінің, сипатының өзгеруі байқалады.

Поэтикалық дереккөздердің кең ауқымы. Бұл ең алдымен классикалық және қазіргі ұлттық поэзия. Ш.Уәлихановтың сөзіне жазылған 25 лирикалық романс; И. Мәмбетова; Қ. Салықова; М. Мақатаев; А. Асылбекова; Б. Тәжібаев және т. б. Үш ақын – Қ. Салықов, Б. Тәжібаев және Ә. Асылбеков – Е. Хасанғалиевпен ұзақ жылдар бірге қызметтес болды. Жинаққа енген «Ана есте қалды» романсы композитор Мәскеуде танысқан әскери дәрігер Ноа Рудойның сөздері бойынша циклды құрайтын бірнеше романстардың бірі [1].

Әкесі Құбаш Ибрашев Атырау қаласынан Оралдың Қаратөбе деп аталатын ауылына мектепке қарапайым мұғалім болып жоғары сыныптың оқушысы анасы Қанаш Өтегеновамен танысып, отбасылы болады. Қанаш 16 жасында 1940 жылы Ескендірді өмірге әкеледі. Ескендірдің екі жасында әкесі Құбаш ауыр дертке шалдығып, 24 жасында қайтыс болады. Қанаштың ата анасы Өтеген мен Бахия Хасанғалиевтар Ескендірді өсірді. Хасанғалиев нағашы тегі. Өтеген ауылда абыройлы кісі болған, завхоз председателі болыпты. Құбаш әкесі мандаринде ойнайтын, дауысыда жағымды болған деседі. Ал анасы халық әндерін нақышына келтіріп орындайтынды. Бала кезінен Ескендір музыкаға құмар, ән айтып, домбыра шерткен. Болашақ композитордың шығармашылығына бір ауданның тумасы Мұхит пен Ғарифолла Құрманғалиевтердің әндері орасан зор әсер етті. Бір күні ауылына концерт беруге Ғарифолла Құрманғалиев келген деседі. Сол кезде клубта Ғарифолла атамыздың айқайлаған дауысынан шошып Ескендір клубтан қашып кеткен екен. Бірақ кері есіктен сығалап, қорықсада концертін соңына дейін қарапты. Өнерге деген құлшынысы сол кезде ашылған екен. Мектеп бітіргеннен кейін өнерге ата анасы жібермей, Оралға пединститутқа Жаратылыстану факультетіне оқуға түседі. Ол мамандыққа қызықпағандықтан, жарты жылдан кейін оқудан шығып кетеді. Он алты жасында музыканы кәсіби түрде үйренуге құштарлық пайда болып, Ескендір Алматыға консерваторияға түсемін деп жоспарлайды. Бірақ күтпеген жерден ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түсетін талапкерлердің қатарында қалып, тиісті дайындығы болмағандықтан түспей қалады. Сондықтан амалсыз туған жеріне оралып, 1957 жылы Орал қаласындағы алты айлық баян аспабында ойнайтын музыканттар курсы бітіріп шығады. Үш жыл ауылда клуб меңгерушісі, есепші көмекшісі болып қызмет атқарады.

Он тоғыз жасында жас Ескендір саналы түрде Құрманғазы атындағы консерваторияға түсуге барады. Ал бұл жолы хор дирижері мамандығының дайындық курсына ұстаз, Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі Галина Виноградованың сыныбына ойдағыдай түсті. Вокал сыныбында Ескендір Әлібек Дінішев, Лаки Кесоғлу және басқа да танымал әншілердің ұстазы Надия Әбдірахманқызы Шариповадан дәріс алды. Вокалды-хор факультетін Галина Виноградова тобында оқиды. Подкурсты екі жыл, төрт жыл жоғары оқуды оқиды. Надия Абдрахманова Шарипова ұстазы вокалдан Ескендірді байқап паралельно вокалдан сабақ береді. 2 мамандықты қатар оқыған. Соңғы курсында оқудан шығып кетеді. 1978 жылы әл-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтын сырттай оқып бітірген. Қазақ радиосы дауысына қызығып ақырындап шақыра бастайды. Музыкалық редактор қызметінде болады. Қазақ ұлттық педагогикалық қыздар институтында хор дирижері, Қазақ радио және

телеарна оркестрінің солисі қызметін атқарды. Ескендір Хасанғалиев орындау мәнерімен ерекшеленіп, қазақ эстрадалық-симфониялық теледидар және радио оркестрінің солисі болды. Халық әндері мен Қазақстан композиторларының әндерін орындап көпшілікке танылды.

Алғашқы «Анаға сәлем» әнін 1961 жылы шығарды. Бұл ән Бахия анасына арналған. Ән бірден халық арасында кең таралып, композитор ретінде осы әнмен танымал болды. Кейіннен «Асыл арман», «Әдемі-ау», «Сағындым сені», «Бозторғайым» секілді танымал әндер жазылды. 50 жылдан астам уақытта 200-ге жуық ән, романс, хорға арналған шығармалар, фильм мен музыкалық қойылымдарға әуен жазды. Бәкір Тәжібаевтің сөзіне жазылған «Әдемі-ау» әнін 70-ші жылдары Қарағандыдағы концерттердің бірінде кездейсоқ көріп қалған қызға арнаған. Төрт жылдан кейін ол қызды Алматыда тағы бір кездестіріп, кейін сол қызбен отбасын құрады. Композитор жары Дарико Хасанғалиеваға өзге де лирикалық әндер арнады. Соның ішінде «Гүл сезім», «Есіңе ал», «Ескірмеген махаббат» әндері бар. 1967 жылы «Асыл арман» жинағы жарық көрді. 1970 жылы «Атамекен», 1978 жылы «Өмірімнің жазы», 1980 жылы «Бозторғайым», 2006 жылы «Ескірмеген махаббат» нота жинақтары жарық көрді. 2023 жылы «Ескендір Хасанғалиев романстары» тағы бар. Осы жинақтарға кішігірім анализ жасайтын болсақ, үш композитормен тығыз байланыста болғанын көруге болады. Мысалы, Бәкір Тәжібаевпен 25 романс жазған. Он жыл бірге жұмыс жасаған. Ең алғашқы әні «Студенттер қоштасуы». Абдрахман Асылбеков – «Нұрлы таң» Бибігул Төлегеновнаның дауысына арнап жазған. Кәкімбек Салықов – мемлекеттік қызметте жұмыста болған. Совет кезінде Қарақалпақстанды басқарған. Ақындық өнерді алып жүрген.

«Бозторғай» әні өткен ғасырдың 70-жылдары шыққан. Сөзін Бәкір Тәжібаев, әнін Ескендір Хасанғалиев жазған. Тәжібаевтың жары Сапаргүл Абызбаева Masa.kz сайтына берген сұхбатында осы әннің тарихы туралы айтыпты.

«Бір күні Бәкір Ескендірмен бірге ансамбль ұйымдастырып, Жезқазғанға барады. Сонда бір айдай болады. Бір күні қонақүйдің терезесінен Бәкірдің көзіне күздің суығында талды паналап отырған бозторғай түседі. Сонда Бәкір Ескендірге «Терезеден не көріп тұрсың?» дейді. Ескендір адамдарды көргенін айтады. Бәкір болса бұтақтағы торғайды көрсетеді. Суықта тоңып тұрған торғайды үйге кіргізу үшін терезені ашады. Торғай кірмейді. «Бозторғай» әні содан туындайды», – деген еді ол [2]. Ал Ескендір Хасанғалиев сұхбаттарының бірінде бұл әнді қазақ тіліне арнағанын айтқан.

«Өздеріңіз білесіздер, «Бозторғай» қоныс аударатын құс емес, ол - қанша қиын болса да туған жерінде қыстайтындардың бірі. Бұл менің жанымның азабы, өз жерінде ана тілінде сөйлей алмаған халқымның азабы еді. Мен орыс тіліне, ағылшын тіліне қарсы емеспін, бірақ біз және осы жерде тұратындардың бәрі қазақ тілін білуіміз керек. Бұл – оны ұрпаққа сақтап қалудың жалғыз жолы. Бұл тіл бізге, қазаққа ғана керек емес, ол ата-бабаларымыздан жеткен, бізге дейін сақталды, енді тілді сақтау – бүгіннің ең басты міндеті», – деген болатын ол [2].

Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған патриоттық «Атамекен» әні 1970 жылы Қазақ ССР-дің 50 жылдық мерейтойына арналып жазылды. «Атамекен»

әнін 1986 жылдың желтоқсанында Алматы жастары орындады. Содан кейін радио мен телеарналардан бұл әнді қоюға тыйым салынды. Тәуелсіздік алғаннан кейін тыңдаушысымен қайта қауышқан ән бүгінде еліміздің ресми емес әнұраны ретінде орындалады.

Кеңес одағы кезінде Ескендір Хасанғалиев консерваторияның композитор бөлімін аяқтамағандықтан, КСРО-ның композиторлар одағына мүше бола алмаған. Тәуелсіздік алғаннан кейін досы Әсет Бейсеуов екеуі одаққа мүше болды.

1983 жылы Ташкенттің 2000 жылдығы қарсаңында Хасанғалиев «Ташкент жайлы ән» деп аталатын ән жазады. Осы әнмен алматылық делегация Ташкентке барған. Жиын барысында Ескендір Хасанғалиевтің даусымен жазылған ән қойылған. Сол кезде Өзбек КСР компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Шараф Рашидовқа бұл ән ұнап қалып, Дінмұхамед Қонаевқа хабарласып, алғысын айтқан. Сондай-ақ, әнші-композиторға сый жасауын ұсынады. Нәтижесінде Хасанғалиевке Қазақ КСР-нің Халық артисі құрметті атағы берілді [3].

Хасанғалиевтің «Әдемі», «Асыл арман», «Өмірімнің жазы», «Атамекен» әндерін тек Қазақстан тыңдармандары емес, шетелдерде де ықыласпен қабылдайды. Е. Хасанғалиев шығармашылығына тақырыптың әмбебаптылығы, материалды берудің көп салалығы тән. Ол музыканы қазақ, орыс, ұйғыр, татар, неміс ақындарының сөзіне жазды. қазіргі қазақ композиторларының ән-романстарын нақышына келтіре, шебер орындайды.

Хасанғалиев – танымал композитор. Оның бірнеше ән жинағы жарық көрді. Хасанғалиев әндерінің тақырыбы сан алуан. Ол қазақ, орыс, татар, неміс ақындарының туған ел, еңбек, жастық шақ, махаббат тақырыбындағы өлеңдеріне көптеген ән жазды. Хасанғалиев гастрольдік сапармен Моңғолия (1975), Болгария (1982), Югославия (1968), Алжир (1969), Сирия мен Ливан (1973), Швеция және Финляндия (1970), т.б. елдерде болды.

Бұл дәуір Әбілахат Еспаевпен басталады, сосын Шәмші Қалдаяқов, Сыдық Мұхамеджанов, Әсет Бейсеуов, Нұрғиса Тілендиев, Жақсыкелді Сейілов, Ілия Жақановпен жалғасып, Ескендір Хасанғалиевпен жалғасты. Ескендір ағамен тұтас бір дәуір көшті. Ескендір Хасанғалиев ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақ музыка өнеріндегі зор құбылысқа айналған ұлы композитор.

Композитор халқымыздың ән өнеріне үлкен үлес қосты. Оның авторлық шығармалары көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді. Қазақ, орыс, татар, неміс ақындарының өлеңдеріне көптеген әндер жазды. Сондай-ақ 200-ге жуық ән, романс және хор шығармаларын ұсынды. Қазақ халқының Ескендір Хасанғалиевке деген құрметі қашанда ерекше. Адам бойындағы рухты оятатын музыкалық туындылар болады. Бірақ олар өте сирек. Сирек болса да бар, соның бірі – «Атамекен» әні. Осы әнді тыңдағанда бойыңызды ғажап бір күш билеп, ерекше сезімді бастан кешесіз. Алпыс екі тамырыңызда қан жүгіріп өткендей болады. Оны терең түсіну үшін тек қазақ болып туу керек шығар. Бұл – әсіре қызыл сөз емес, шыны сол. Екі қазақтың бірі шырқай жөнелетін тамаша туындының сөзін аса көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлі, сазын белгілі композитор Ескендір Хасанғалиев жазған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ескендір Хасанғаливтің ән романстары 2023
2. <https://massaget.kz/basty-zhaalytar-438/73652/>
3. <https://sputnik.kz/20200213/Eskendir-Khasangaliev-dereker-12825802.html>

1916 жыл елдің музыкалық шежіресінде: Дина мен Сейтек

Сәудақасова Іңкәр

Музыкатану мамандығының 4 курс студенті

ғылыми жетекшісі: өнертану кандидаты, профессор Альпеисова Г. Т.

Қазақ ұлттық өнер университеті

Астана қ., Қазақстан.

XX ғасырдың басында Қазақстанның тарихи өмірінде елеулі өзгерістерге толды. Солардың бірі, 1916 жыл оқиғасы (биыл 107 жыл). Патша үкіметі «Бұратана» (инородцев) деп есептейтін ұлт аймақтарының 19 жастан 43-ке дейінгі азаматтарды тыл жұмысына алуды ұйғарады. Бұл күш жинауды арнайы түрде «реквизиция» (лат. *requisitio* – талап) деп атайды, адамдарды мемлекет мақсатына бағындыруға қарсы Қазақстанның көп жерлерінде көтеріліс бұрқ ете түседі. Көтерілісті А. Иманов, Ә. Жангелдин, Т. Бокин сияқты халықтың адал ұлдары басқарады. Тарихта бұл оқиға Тәуелсіздік жолындағы «Ұлт-азаттық көтеріліс» деп қалған. Бұл оқиғадан қазақтың ақындары мен сазгерлері халық қайғысы мен ызалы кегінен шеткері қала алмайды. Қазақ даласында осы оқиғаны бейнелейтін көптеген шығарма арнайды.

2021 жылы Димаш орындағаннан кейін мега-хитке айналған «Самалтау» халық әніне жүгіну, бүгінгі аудиторияның тыңдаушылық көзқарасы тұрғысынан әлдеқайда ұтымды болар еді. Бұл сол көтеріліс жылдары жазылған қазақ жігітінің туған жерін неге және не үшін тастап кеткенін түсіне алмаған ащы әні. Әннің шыққан орны туралы дерек белгісіз, бірақ әннің мазмұны, оны орындау ерекшеліктері бойынша Арка әндеріне жақындығын байқауға болады¹.

Бірақ бұл мақалада Батыс Қазақстан домбыралық стильдік дәстүрінің аспаптық еңбектеріне және күй талдауына тоқталамыз. Себебі күй – музыкатануда бұрын анықталғандай, жай ғана форма немесе аспаптық пьеса емес. Бұл – қазақтың дүниетанымы. Күй арқылы заманның басты идеялық бағытын, тақырыбын, мазмұнын саралауға болады, күй халқымыздың рухани әлемімен, дәстүрі мен мәдениетімен терең байланыстыратын шығарма.

Замандас күйші-композитор Дина мен Сейтек:

- Бір заманда ғана емес, екеуі де бір жылда туылған күйшілер (1861);
- Екеуі де XIX мен XX ғасырда өмір сүрген екі қос замандас Дина мен Сейтек шығармашылығында ащы тарихи көріністер терең мазмұндылығымен суреттеледі.
- Екі күйші де шығармашылығында екі дәуірді, екі уақытты байланыстырады, ол бірі көшпелі салт кезеңі болса, екіншісі советтік кезең² [2].

- Ортақ аттас күйлері: «Он алтыншы жыл», «Тойбастар», «Жігер», Динада «Қара қасқа ат», Сейтекте «Торы ат» (немесе «Көк ала ат»), Динада «Бұлбұл», Сейтекте «Бұлбұл Айша».


- Екеуінің де шыққан тегі: Батыс Қазақстан облысы.
- Екеуі де Құрманғазының шәкірттері, осыдан төкпе күйін жалғастырушылар.
- Екеуі де көз кезінде, кеш болса да кең танымалдыққа ие болып кеткен. (Сейтектің шығармашылығы 1927 жылы (66) Мәскеуде Қазан төңкерісінің 10 жылдығына арналған онкүндік кезінде ХШЖК-де (Халық шаруашылығының жетістіктердің көрмесі) орындауынан кейін танымал болды. Сейтек мәскеулік көрермендердің махаббатына бөленген «Тойбастар» («Открытие торжества») күйін орындады. Дина: 1937 жылы (76) белгілі музыкатанушы Ахмет Жұбановтың тапсырмасымен Дина Нұрпейісованы Астрахан облысы Марфаинского ауданының Козлово ауылынан тауып алып, домбырашы Смағұл Көшекбаев Алматыға алып кетеді. Күзде ол халық таланттарының екінші республикалық слетінде алғашқы танымалдылыққа қол жеткізді.) [3]

Дина мен Сейтек 1916 жылғы тарихи оқиға арнап «Он алтыншы жыл» деген атаумен белгілі күйін шығарады. Осы екі күйдің өзара айырмашылығы жөнінде Ғ. Жұбанованың «Задача, требующая подвига» мақаласында кезіктіреміз. Динаның «Он алтыншы жылының» негізі өмір сүйгіштікке құрылған. Мұнда мұңаю, жылау, еңсесі түсушілік жоқ. Бұл күйден көтеріліске шыққан жігіттер аттарының дүрсілі, ақ патшаның құлағанын естіген халықтың қуаныш тасқыны естілгендей болады. Күй басынан аяғына дейін көтеріліске шыққан халықтың қайтпас бетін, екпінді күшін бейнелейді. «Он алтыншы жыл» көтерісшілердің жауынгерлік ұраны, жауға қарсы шауып бара жатқан атты жігіттердің әні [1].

Он алтыншы жыл

Асықпай, терең сезіммен

Дина Нұрпейісқызы
Нотаға түсірген Қ. Ахмедияров




[8]

Динаның аттас күйімен салыстырғанда Сейтек күйінде халықтың қайғы-мұң сарыны басым, кей тұстарында өксік үні де естілгендей болады. Бұл әділдік үшін күрескендерге арналған «жоқтауға» жақын күй. Алайда, кейде мұнда да «Заман» күйіндегі сияқты шырқау шегіне жетіп, шиеленіскен тұстарында алдағы болашақтан үлкен үміт күткен жанның қуанышы, көңіл-күйі елестейді.

Он алтыншы жыл

Асықпай, салмақты

Сейтек Оразалыұлы
Орындаған Мәжит Досмұхамбетов
Нотаға түсірген Тмат Мерғалиев



[9]

Динаға оралсақ, алғашқы шығармашылық жолын өнердегі ұстаздарына еліктеу ретінде бастайды. Түркештің «Байжұма», Дәулеткерейдің «Бұлбұл», «Жігер» күйлерін игеріп, кейіннен осы күйлерге өзінің парафраздарын шығарған Дина, сол күйлердің атын қалдырып ізашарлардың дәстүрін жалғастырады. Бірақ, жалғастырғанның өзінде Динаның соншалықты өзіндік айқын стилистикалық ерекшелігіне тамсанасың! Кейінгі кезеңіне қарасақ, құрдастарының арасында осындай тарихи оқиғаларға жауап беру дәстүрін қалыптастырады.

Динаның ұлы Жұрынбай тыл жұмысына алынған болатын. Бұл кездерде домбыраны қалтқысыз білетін Дина 1916 жылдың оқиғасына арнаған күйін алғашында «Набор» деп атайды. Халыққа ол күй «Он алтыншы жыл» деген атпен кейіннен тараған. Осылайша Дина өзінің ұстазы Құрманғазының дәстүрін жалғастырып, оның батырлы-драмалық бағытын дамытады.

Динаның физикалық болмысы – оның саусақтарының ұзындығында, ол ең қиын аралықтарды еркін қолданған. «Он алтыншы жыл» күйінде бас буында орындалуы қиын жерінің бірі «а-а» унисоны. Бұл екі пернені таза ойнау үшін белгілі бір күш қажет, сондықтан унисонның еркін, интонациялық таза орындауы домбырашының шеберлігін сипаттайды. «а-а» унисоны көбіне Маңғыстау дәстүрінің күйлерінде кездеседі. Динаның «Он алтыншы жылдан» басқа, «Қара қасқа ат» күйінде де «а-а» унисондары кездеседі [5].

«Он алтыншы жыл»:



«Қарақасқа ат»:



Сейтек күйлерінде өзіне дейін ешкім із салмаған, Бапастың түрікмен күйлерінде ғана қолданылған пернені пайдаланады. Қазір бұл перне «Сейтек перне» (g-es) деп аталып жүр. Сейтектің «Он алтыншы жылында» күйдің басында кезігеді.

Екі күйдің ұқсастығы туралы «Домбыра күйлеріндегі тәуелсіздік сарындары (XX-XXI ғғ.)» тарауында толығырақ беріледі [10, 162-164 Б.].

- Бірдей аталуы, бір оқиғаға арналуы;
- Біркелкі екпінде жүруі
 - Дина «16 жыл» – асықпай терең сезіммен,
 - Сейтек «16 жыл» – асықпай салмақты;
- Өлшемдерінің тұрақсыздығы;
- Қағыс пен ырғақтарының тұрақсыздығы;
- Триоль, синкопа, пунктир, қарапайым ырғақтарының кездесуі;
- Буындық құрылыстан тұруы;
- Бас буындарының – кварта арақашықтарынан басталуы, осы арақашықтықта

дамитын мақамдардың өрбуі, сондай-ақ, секірме түрінде де берілуі.

Күйлердің айырмашылығы төмендегі өзгешеліктермен көрсетеді [10, 162-164 Б.]:

- аты, арналған оқиғасы бір болғанымен шығарылуына әр түрлі себептер түрткі болған;
- триоль, синкопа, пунктир ырғақтары Сейтектің «16 жыл» күйінде жиі кездессе, Динаның «16 жыл» күйінде сирек кездеседі; Яғни, Дина ырғақтық дамуы тегіс, Сейтектікі күрделірек;
- Құрылымдарының ұқсамайтындығы: Сейтектің «16 жыл» күйін «вариантно-строфическое в рамках, трехчастной репризной формы (а в а¹)» деп Г. Омарова анықтаса [11, 196 Б.], Динаның «16 жыл» күйін Р.Несіпбай «трех-пятчастный» құрылымында жазылғанын дәлелдейді [12, 150 Б.];
- Буындарда әуен иірімінің желісі (ӘИЖ)³ даму барысының өзгешеленуі: Сейтек күйінің ӘИЖ – тұрақты, даму түрінде көшірмесі өтсе; Дина ӘИЖ – басқа бөлімдерде дамытылған көшірмесінің нәтижесінде жаңа екінші тақырып пайда болады;
- Сейтек – «g-g», Дина – «e-a» тірегінде басталады (Екеуі де буындық құрылыстан тұрады);
- Дина дәстүрлі белгі қолданылған; Сейтек «Пв» (Сейтек перне) белгісі кездеседі.

Күйшілер аталмыш туындыларында суырып-салма дәстүрін сақтап отырып, нақтылы заңдылықтарға бағынатындығын көрсете, азаттық үшін күресу сарындарын өзіндік ерекшеліктерімен көрсете білген [10, 162-164 Б.].

Сейтекті «бүлікшіл мінезі үшін» деп Сахалиндегі түрмеде ұстап, сол арада жазылған «Заман», «Айдау», «Түңілдім», «Ғазиз» (баласының қазасына), «Меңзең» күйлері, кейіннен Қазан төңкерісіне арнаған «Он жетінші жыл», «Еркіндік» («Бостандық»), «Партсъезд» күйлерін қайғы-қасіреттің күші мен жасырын қаһары бойынша дәуірдің ең жарқын психологиялық құжаттарына жатқызылуы мүмкін. Талантты суретшінің инстинкті Сейтекке мұнды уақыттың рухын жеткізуге көмектесті.

Сейтекті әйел портреттері мен жанрлық-тұрмыстық суреттері тұрғысынан Дәулеткерейдің лирикасының жалғастырушысына, оның мектебі күйшілік-орындаушылық «төре» дәстүріне жатқызуға мүмкіндік береді. Алайда, өмір жолына келсек, сөзсіз Құрманғазының көзқарасымен ұқсатамыз. Құрманғазы Сейтекті те, Дина секілді өзімен алып, тәлімгер болғаны туралы деректер бар⁴ [2, 375 б.]. Сейтектің «ақ сүйектер» қатарынан шығуына қарамастан, Сейтек, Құрманғазы секілді, қарапайым халықтың тағдырымен бөлісті, шексіз қудалаудың, түрмелер мен сілтемелердің барлық ащысын таныды (Құрманғазы кей болған жерде Орда, Үркіт түрмесі (1883), Сібір, Сахалин 80-ж. соңы мен 1900 аралықтарында (10 жылға!), Астрахань, Мәскеу (1894) отырып шығады). Ол, сондай-ақ, барымталық, «ұрлық», заңға және билікке бағынбау (түрмелерден қашуы) үшін айыпталды, ал кейінірек Ресейдегі басқа революциялық жағдайға

сәйкес ол саяси тұтқындармен қылмыстық байланыста болды деп айыпталды. Бұл әділетсіздікпен Сейтек келісе алмады, ұстазы Құрманғазы сияқты белсенді күресіп, өзінің адам құқығын сақтауға тырысты.

Сейтек тарихи оқиғаларды тек күйшілік шығармашылығында ғана көрсетіп қоймай, саяси және қоғамдық өмірге де белсенді қатысады. Күйші сол жылдары құрылған Қазақтың тұңғыш атты полкінің қатарына қосылуға шақырып, осы полктің ерліктері мен ерліктеріне «Марш» күйін арнағаны белгілі. «Қызыл сұңқар» күйі қызыл гвардияшыл партизан отрядының жасақшыларының құрметіне туды. 1919 жылғы Қазақстандағы азаматтық соғыстың көрінісі «Сексен ер» күйінде табылады [4].

Дина болса, кейіннен 1916 оқиғасынан басқа, 1940 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының (ҚКСР) 20 жылдығына «Тойбастар», Ұлы Отан соғысына «Ананың бұйрығы», «Жеңіс күйлерін», Кеңес адамдарына арнап «Еңбек геройлары», «Сауыншы» және т. б. күйлерін арнайды [4].

1916 оқиғасымен байланысты басқа күйлер де белгілі. Еске салып өтейін, Батыс Қазақстан дәстүріне кіретін Қазанғаптың күйлері «Қош бол, балам», «Жұртта қалған», «Сен кеткенде мен қайтем» [6].

Бүгінгі күнге дейін сақталған мол қазынаның ішінде, жалғыз өнердің өзі халық тағдырын суреттеуге жеткілікті бола алады. Көз жүгіртсек, бүкіл қазақ тарихы елдің Тәуелсіздігі үшін күресте өткен. ІХ ғасырда ғұмыр кешкен Қорқыт ата күйіндегі Көкбөрі мен ХІІ ғ. Кетбұғаның Ақсақ құланы, Асан-Қайғының «Ел айырылған» бастап, Құрманғазының «Сарыарқа», «Алатау», Дәулеткерейдің «Жігер», қазақ күйінің негізгі желілерінің бірі Бостандық болды. ХХ ғасырда да Дина мен Сейтектің жеткізгісі келгені де «азаттықтың сағынышы». Олар жаңа заманды көзімен көрген куә ғана емес, сол ұлы оқиғалардың сұңғыла жыршысы бола білді.

Дина мен Сейтектің рөлі бүгінгі күнде дәстүрлі құндылықтар жеткізушілер, кеше мен бүгіннің арасындағы алып көпірлері, жарқын болашақ үшін күрескен қайраткерлер ретінде танылды. Биыл, қос дүлділдің туылғанына 160 жыл. Қанша уақыт өтсе де, өткен алыптардың шығармашылықтары әлі күнге дейін құнды, және бұл классика, әрқашан қайта оралып келе берсек те ескірмейді.

Н. Назарбаевтың «Ұлытау баурайындағы ойлар» сұхбатында [8] өз тарихын білмейтін және құрметтемейтін халықтың болашағы өте қауіпті», – деді. Тоқаев болса тарихқа қатысты сөзінде бейнелі салыстырумен растайды: Ескі еменнің тамыры терең болмаса, дауылға қарсы тұра алмайды.

Шынында да, ХХІ ғасырда мүмкін болатын дауылдарға қарсы тұруға мүмкіндік бере отырып, халықты не күшті етеді? Біз, қазақтар, жаһандық кеңістікте қандай адамбыз? Осы және басқа да рухани-адамгершілік аспектілер мені бүгін толғандырады.

Әрине, өткенді, соның ішінде таяудағы ХХ ғасырдағы оқиғаларды объективті ғылыми талдау қажет. Ұлы және қайғылы. Мұның бәрін біз қайда бара жатқанымызды нақты көру үшін түсіну керек.

Осы санада музыкалық шежіре – яғни, отандық жасампаздардың көрнекті шығармалары – мен әрқайсысына түсінікті деп білемін.

Композитор, ақын, суретші – олардың өмірін шығармашылық тұрғыдан зерттеуді, билік өкілдерінің бірі «ұлттық сезім» деп атады. Олар жай ғана жазған жоқ, олар халықтың құтқарылуы, өмір сүруі үшін не қажет екенін және оған не зиян тигізуі мүмкін екенін сезініп, білді. Ал бізде Абай мен Әл-Фараби, Құрманғазы мен Тәттімбет, Ақан және Мұқит басқа да көптеген есімдер болған. Қазіргі тілмен айтқанда, олар прогрессивті тұлғалар болған, және халықтың сондай болуын қалау үшін еңбек еткен.

Қазақ елінің көрген қасіретінен кейін, маһшарда тазарып, қазір де әлемде 9 орын алатын ұлан-байтақ жазираның иесі болып, азаттық елде өмір сүруіміз – ғасырлардың жеңісі. Екінші жағынан, елдігімізді, егемендігімізді сақтап, оны келешек ұрпақ үшін нығайту ісінің тұрғаны сөзсіз. Егер біз осындай мазмұнды, білімді және саналы шығармаларды игерсек, өз ұлтының тарихын білсек халықтың жылжуы болады, ондай елдің жарқын болашағы бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жубанова Г. Задача, требующая подвига // Музыкальная академия. Вып. 12, 1972 (409) С. 42-44. URL: <https://mus.academy/articles/zadacha-trebuyushchaya-podviga-uspekhi-latyshskoi-muzyki> (Қаралған күні 16.3.2023)
2. Омарова Г. Кобызовая традиция. Вопросы изучения казахской традиционной музыки: Монография. – Алматы: 2009. – 520 с.
3. Ләтифолла Қапашев. Дина мен Сейтек. – Алматы: 2015. – 128 бет.
4. Жұбанов. Ғасырлар пернесі. – Алматы: 2002. – 329 б.
5. Шегебаев П. Домбровые кюи Западного Казахстана: традиционная форма и индивидуальный стиль: Методическое пособие. – Астана, 2015. – 105 с.
6. <https://rus.azattyq.org/a/pesni-i-kyuji-o-voostanii-1916-goda/27821546.html> (Қаралған күні 2.2.2023)

Взаимосвязь народных песен и романсов в творчестве современного казахстанского композитора Алиби Абдинурова

Кенжегарина Самал

ст. IV курса специальности «Вокальное искусство»

научный руководитель: к. филос. н., доцент Шаймерденова С.К.

Казахский национальный университет искусств

г. Астана. Казахстан.

В XX веке казахская музыкальная культура обогащается новыми формами музицирования и жанрами. Благодаря творчеству талантливых композиторов казахская профессиональная музыка XX века достигла своего высшего развития. Композиторами создавались произведения высокого художественного совершенства и индивидуального стиля. За небольшой в масштабах истории отрезок времени республика освоила многоголосие и весь жанровый арсенал классической европейской музыки – оперу, симфонию, балет, инструментальный концерт, кантату, ораторию, вокальную музыку,

ансамблевые, оркестровые и хоровые исполнительские формы, создала новую профессиональную композиторскую школу.

На современном этапе развития в Казахстане сформировалась разветвленная структура музыкальной культуры. Наряду с исполнительским и композиторским творчеством в европейских жанрах, продолжают свое развитие традиционные формы музицирования, функционирует мировая массовая музыка – такие как рок, эстрада, джаз.

Взаимосвязь композиторского творчества и народного фольклора изучалась достаточно динамично, и всегда шла активная работа композиторов над претворением народного музыкального искусства в своем композиторском творчестве. Обращение к народным истокам всегда являлось актуальной задачей в вопросе ее пропаганды.

Вокальный педагог, профессор Л. Б. Дмитриев пишет: «Значение народных песен в формировании культуры отечественного певца несомненна», тем самым указывая и подчеркивая «основополагающую роль в создании отечественного профессионального музыкального и вокального искусства» [1]. В вопросе формирования профессионального певца-вокалиста данный аспект значительно важен, так как народные интонации, его мелодическое строение позволяет совершенствовать не только слуховое восприятие, но и вокальные навыки.

Одним из излюбленных жанров вокальной музыки для композиторского пера является жанр романса. «Романс» как жанр имеет свою богатую историю эволюции от простой бытовой песни до романса сложной формы. Данный жанр вокальной музыки имеет свое воплощение в творчестве многих казахстанских композиторов-корифеев, и на современном этапе музыкального искусства продолжает раскрываться в сочинениях современных композиторов.

Актуальной задачей в претворении казахского фольклора в композиторском творчестве А. Абдинурова определяется, прежде всего возрастающим интересом композиторов к национальному творчеству. Композиторское слышанье казахских народных интонаций в жанре романса превалирует над многими другими музыкальными жанрами. Композиторское письмо А. Абдинурова значительно многообразно и охватывает практически все музыкальные жанры. Композиторскому творчеству А. Абдинурова свойственно обращение к современным направлениям, приемам композиции и технике письма, работает в различных жанрах.

В 1997 году на конкурсе «Памяти Г.А. Жубановой» за композиторское сочинение «Молитва батыра Махамбета перед казнью» Алиби Абдинурову присуждена первая премия, а в 1998 году на конкурсе, посвященном 175-летию Курмангазы, транскрипция Алиби кюя «Аман бол, шешем, аман бол» удостоивается 2-ой премии. Песенное творчество композитора известно сочинениями «Жаңа ғасырға-жаңа ән», «Туркістан» и «Алматыға арнау» (Алматы 2000). Сочинения А. Абдинурова удостоены многими премиями, наградами и имеют популярность в исполнении различными симфоническими, хоровыми коллективами страны, а его романсовые сочинения часто исполняются на концертах вокальной музыки.

А. Абдинуров – композитор с тонким чувством казахского мелодизма, которое ярко воплощено в его вокальных произведениях для голоса и фортепиано. Произведения данного жанра раскрывают богатое и глубокое понимание казахских интонаций, стилистических особенностей исполнения и традиционный язык музыкального наследия. А. Абдинуров считает, что сочетание музыки, поэзии и живописи сделает каждую встречу с музыкой увлекательной и незабываемой. Вокальным сочинениям А. Абдинуров уделял особенное значение, в вокальном искусстве, у многих казахстанских певцов они нашли исполнительское выражение, такие произведения как «Красный гонец и черный гонец» (2001) оба слова О. Сулейменова; «Толқын», «Иә Жаратқан», «Бақыт», «Есінде бар ма жас күнің», «Туған жер», «Балауса күндер», «Осындай өлке қайда бар» и др. В целом, композитором написано около 40-романсов, которые наполнены многообразием художественных образов. Романсам А. Абдинурова свойственны лирические интонации композиторского письма, каждый романс имеет свою историю, находясь в тесной взаимосвязи с поэтическим текстом, создавая единое художественное воплощение. Композитор предлагает интересные исполнительские решения в отношении романсов, написав романсы: «Бақыт» в виде дуэта и трио для сопрано, «Бір бала» в виде квинтета, «Беу, туган жер» в виде секстета. Ансамблевое пение для А. Абдинурова имеет значительное место в его творческой деятельности.

Тема патриотизма и философского размышления так же находят отклик в таких ярких романсах как «Ту тіккен Рахымжан», «Уа, жаратқан», «Кара куз», «Сұраған жанға сәлем айт», «Желсіз тунде жарык ай» на слова Абая Кунанбаева и т.д.

В творчестве А. Абдинурова казахская поэзия занимает особое место, находясь в тесной взаимосвязи с музыкальным материалом. Стихи великих казахских поэтов и философов Абая Кунанбаева и Шакарима Кудайбердиева нашли свое выражение в романсовом творчестве композитора. Имеется вокальный цикл романсов на стихи Шакарима Кудайбердиева «Шәкәрімнің өлеңдеріне жазылғандауысқа арналған романстар циклы», который состоит из 5-романсов. Композиторское письмо А. Абдинурова богато и разнообразно, наполнено тембровыми красками, которому присуще яркий мелодизм национальной культуры. Эти музыкальные тенденции прослеживаются в каждом романсе, в соответствии с художественным образом произведений.

Абдинуров берет за основу общее настроение стихотворения. В каждом романсе на первый план выходит выразительная и пластичная мелодия. Основное художественное значение имеет и партия фортепиано, в которой нередко возникают отдельные образы поэтического текста. Абдинуров написал романсы на стихи Абая Кунанбаева, Олжаса Сулейменова, Жарасбая Нурканова, а также современных поэтов А. Асылбека, А. Бактыгереева, И.Исаева, такие романсы как «Бақыт», «Есінде бар ма жас күні», «Ғашық болу», «Асыл жар» наполнены интонациями любовной лирики, раскрывающие глубокие чувства к любимому человеку. Мелодический язык его песен схож с народными песнями казахского народа, тем самым оставляя традиционность народных интонаций.

В своем творчестве, композиторы Казахстана стремятся к развитию специфических особенностей жанра романса, на основе уже исторически сложившихся в европейской вокальной лирике музыкальных форм, а также к драматургии каждого из вокальных произведений. Опираясь на народные интонации и звучание, а также музыкальное фольклорное наследие, композиторы создают яркие образцы романсового творчества. Находясь в постоянном композиторском поиске, жанр романса развивается в плане художественного образа, сферы, лада, гармонии, мелодической линии, интонационных особенностей, форм, а также фортепианной фактуры. Романсы композиторов Казахстана отличаются наиболее ярким национальным своеобразием. Важнейшей исполнительской задачей в этой связи является постижение национального духа музыки, и передача национального колорита. Погружение в природу восточного профессионального наследия и фольклора, знание стилевых особенностей является необходимым условием художественно убедительной интерпретации. Постигание национального художественного своеобразия и передача специфики национального интонирования – сложный аспект работы. Здесь рекомендуется вдумчивое освоение национальной специфики (мелодия, лад, ритм, гармония, тембр), которое требует большого количества времени для осознания наиболее важных компонентов национального музыкального стиля композитора. В создании национальных образов большую роль играет, как известно, передача своеобразных тембров народных инструментов, манеры народного музицирования. Фортепианное сопровождение играет важную роль в передаче национального колорита и интонационных особенностей произведений. Это одна из важных задач в передаче художественного замысла композитора, так как имитация звучания народных инструментов требует специального внимания. Перед певцом-вокалистом открывается возможность овладения новыми приемами исполнения, развития своих вокальных возможностей и творческого начала.

Список использованной литературы:

1. Дмитриев, Л.Б. Основы вокальной методики. – М.: Музыка, 2007. – С. 36.
2. Долинская. Е. История современной отечественной музыки. – М. 2001. Вып. 3 (1960-1990гг). – С. 168.
3. Джумакова У.Р. Творчество композиторов Казахстана 1920-1980-х годов. Проблемы истории, смысла и ценности. – Астана: 2003. – 232 с.
4. Композиторы Казахстана. Вып 2. – Алматы: Онер, 1982. – 150 с.
5. Джумакова У. Р. Творчество композиторов Казахстана 1920 – 1980 годов в контексте истории казахской музыки и проблемы его периодизации. В сб. статей: «Музыка Казахстана: композитор, произведение и исполнитель. Астана. 2001. – С. 34.
6. Бегалинова Г. А. Казахский музыкальный язык и его современное функционирование: Автореферат дисс. ... канд. иск... – Алматы, 1999. – С.19.

Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеннен кейінгі қазақ операларының дамуы

Ермухамбетов Рамазан

Вокалдық өнер мамандығының 4 курс студенті

ғылыми жетекшісі: Малик А.Б.

Қазақ ұлттық өнер университеті

Астана қ., Қазақстан.

Көптеген опера тындаушылары қазақтың Кеңес үкіметі кезіндегі «Қыз Жібек» «Біржан мен Сара», «Абай» операларын жақсы менгерген алайда Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі операларды көбі тындай қоймаған. Сондай опералардың бірі «Жамбыл жырау» операсы болып саналады.

Опираясь на цитату, не каждое собрание элементов можно назвать композицией. Хаос, нагромождение или однородность элементов не способны создать целостную структуру. Композиция появляется там, где структура является достаточно сложной и неоднородной, построенной по определенным принципам, выражает определенную идею или замысел. В дизайне костюма композиция — это объединение различных средств художественной выразительности в единую образную систему. Степень выразительности костюма зависит от того, насколько удачно решена его композиция в целом. Если не будут согласованы линии и формы, найдены общие пропорции костюма, правильно расставлены акценты, выделен композиционный центр, то никакие украшения не сделают костюм гармоничным. Законы композиции определяют принципы построения целого произведения, логичное расположение всех его элементов. Являясь одновременно законами формообразования, они позволяют придавать форме выразительность и стройность, облегчают восприятие ее содержания. Законы композиции — это законы, заимствованные у самой природы, так как именно природные творения отличаются гармонией, к которой так стремится композиция [1]. Будучи студенткой 1 курса, я, автор статьи, изучаю вышеперечисленные законы на дисциплине «Основы композиции», где главной целью на данный момент является полное понимание и освоение приемов через формальные композиции. Композиционные средства, играют

основополагающую роль в конструировании костюма. Знание базовых средств гармонизации позволяет создать грамотную структуру будущего изделия. Так мы начали свой путь со знакомства с основными видами графических, плоскостных, а также объемных форм. Графика используется как средство передачи на плоскости той или иной смысловой информации, а также чисто художественной разработки формы. К ней относятся точка, линия, пятно и цвет (Рисунок 1). Тональная композиция является организующим началом для изображения, связывая в единое зрительное целое все имеющиеся в нем цветовые пятна (Рисунок 2). Пластические композиционные средства отличаются от графических средств тем, что выражаются в формах, развитых не в двух, как на плоскости, а в трех основных координатных направлениях: по горизонтали, вертикали и глубине. Здесь включены текстура и фактура. (Рисунок 3).



Рисунок 1,2,3

Композиционный центр – то место в композиции, куда в первую очередь притягивается внимание зрителя. Это самое важное, самое главное место. Все остальное, все другие элементы композиции должны быть подчинены композиционному центру и тому акцентному предмету, который в нем находится. Равновесие – это такое состояние композиции, при котором все ее элементы сбалансированы между собой. Соподчинение означает, что в целостной композиции есть элементы главные, определяющие, "командующие", более важные, и есть второстепенные, как бы подчинённые главным, части. Благодаря композиционному построению, оптимальному соотношению и

взаимодействию частей композиции достигается целостность художественного произведения (Рисунок 4).




Рисунок 4.

Тождество – это когда, все элементы идентичны по композиционным признакам, т. е. аналог элементов (Рисунок 5). Закономерность – главная составляющая метра и ритма. Здесь вы можете увидеть раппортные композиции. (Рисунок 6,7).




Рисунок 5.




Рисунок 6.




Рисунок 7.

Создание костюма — это пластическое искусство, соединяющее в себе различные виды композиции. Орнамент ткани — это плоскостная композиция, а костюм из этой ткани — объемная. Степень выразительности костюма зависит от того, насколько удачно решена его композиция в целом. Если не будут согласованы линии и формы, найдены общие пропорции костюма, правильно расставлены акценты, выделен композиционный центр, то никакие украшения не сделают костюм гармоничным. Именно поэтому важно владеть базовыми знаниями законов композиции и уметь комбинировать разные формы и элементы. Эстетическая роль костюма — выявление красоты и духовного богатства человека, связь образа с внешней средой. Наша задача — взглянуть на композицию костюма с точки зрения структурной организации всех его

элементов формы, проанализировать связи и отношения, которые возникают в процессе композиционного построения.

Список использованной литературы

1. Григорян Е.Л. Основы композиции в прикладной графике: Учебно-методическое пособие. – Ереван: 1986. – С. 32.

XV-XVI ғасырлардағы қазақ ұлттық киімдері

Коптилеу Жұлдыз

«Киім дизайны» мамандығы 2 курс студенті

ғылыми жетекші: Наханова Б.У.

Қазақ Ұлттық Өнер Университеті

«Қазақстан-2050» стратегиясында отанымыздың тарихи маңыздылығын және еліміздің тарихын паш ету арқылы әлемге Қазақстанды танытамыз деген көсемдік көзқарас білдірілген еді. Президентіміз өз сөзінде: «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек. Қазақстан тамыры терең жайылған ұлы тарихы бар ел екенін көрсете және дәлелдей отырып, дүниежүзілік аренада біз елімізді рухани қабат арқылы паш етеміз» деп атап көрсетті. Ал «Мәдени мұра» бағдарламасы осы бір тарихи мақсатқа жетудегі алғашқы нақты қадам.

Ендеше, ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар, қазақ халқының мәдени мұрасы кино саласындағы қазақ костюмін әр қырынан зерттеп, ұлан-ғайыр жеріміздің мәдениеті мен тарихын кинодағы қазақ костюмі арқылы көрсету, дұрыс жеткізу – өзекті тақырып.

Жұмыстың мақсаты: «Қазақ хандығы» кинофильміндегі қазақ ұлттық киімін зерттей отырып, ғылыми және тарихи деректерге сай үлгісімен салыстыру. Олардың сәйкестіктері мен қарама-қайшылықтарын анықтау.

Кез-келген халықтың мәдениеті оның өзін-өзі тану деңгейіне және айналасындағы сұлулықты көре білуіне, қабылдай білуіне байланысты қалыптасып, дамып отырады. Қазақ халқының өмірінде де, мәдениетінде де ұлттық киімдер ерекше орын алады. Қазақ халық костюмінің XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында – қазақтардың негізгі мәдени құндылықтары мен олардың өмір салты қалыптасқан кезден бастау алатын ұзақ тарихы бар. Бұл кезең Қазақ хандығының құрылуымен тұспа-тұс келген уақыт. Бұның негізгі дәлелі – Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбегінде жазылған: «Қазақ сұлтандарының билігі сегіз жүз жетпісінші жылдардан (қазіргі жыл санауымыз бойынша 1465-1466 жылдар) басталады,» – деген пікірі.[1].

Ұлттық киім – бай тарихи мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты, хабардар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген киімдердің бірқатар үлгісі сақ дәуірінен бастау алады.

Қазақтың ұлттық киімдерінің дизайндық ерекшеліктеріне жасаған талдау оның тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғарылығын дәлелдейді. Мәселен, ұлттық киімдерде халықтың дүниетанымы, ой-түйсігі, арман-тілегін және оның ерекше эстетикалық талғамын көрсетеді. Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған. Көшпенділер адамзат тарихында атқа отыруға қолайлы болу үшін ойлап тапқан кең шалбар мен екі өңірі ашық, қаусырылатын кеуде киімі – шапанды адамзат өркениетіне қосқан.

Қазақ киімдер пайдалану ерекшеліктеріне байланысты күнделікті, сәндік киімдерге, жыл мезгілдеріне қатысты қыстық, маусым аралық, және жаздық киімдер болып бөлінеді. Жас және жыныс ерекшеліктеріне қарай: сәби киімі (ит көйлек, сылау, тақия), бала киімі(кепеш, малақай, құлақшын, жейде, дамбал, шалбар, етік, бешпент, шапан), бозбала киімі(тақия, етік, жейде, шалбар), бойжеткен киімі(желбіршекті көйлек, тақия, кәзекей), қалыңдық киімі(сәукеле, желек), келіншек, бәйбіше киімі(көйлек, кимешек, жаулық, қамзол, кебіс-мәсі, көкірекше), күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері(шапан, ішік, бешпент, сырмп шалбар, ақ жейде, дамбал, саптама етік, кебіс-мәсі) деп түрлерге жіктеледі. Әлеуметтік дәрежесіне, сондай-ақ кәсіби саласына қарай қазақ халқы арасында бай, би, сұлтан(бас киім мұрақ), бақсы,сал-сері(жарғақ шалбар, мауыты, шәйі көйлек), малшы, аңшы (шекпен, кебенек, сырттық, күлпәра), балуан,батыр (қаттама) киімдері деп те бөлінеді. Қазақтың киімінің тәуірін ежелден қыз-келіншектер киген, әшекейдің де ең асылын осылар таққан. Жас қыздар бүрмелі етекте көйлек, бешпент, қамзол, қынама бел киімдер, бастарына үкі кепеш, аяқтарына мәсі оюлы кебістер киген. Бойжеткен қыздар бастарына кәмшат бөрік, сәндеп өрнектерген шыт орамал тартқан.

Әсіресе ұзатылатын қызды үлде мен бүлдеге ораған. Г. Андреев өзінің жазған «Киргизский той» деген еңбегінде былайша суреттеген: «киімнің ең жақсысы қалыңдықтың үстінде. Желбіршекті көйлек пен барқыт қамзолдың сыртынан кигені жібек көк бешпент, иығына жамырғаны парша шапан. Қос бұрымына салдыраған күміс шашбау, басына майда күміс теңгелерме әшекейленіп, төбесіне үлбіреген үкі қадалған «қыз қалпақ». Қыздың ұзатыларда киетін киімі қымбат маталардан тігілді. Асыл тастармен, моншақталған желегі бар сәукеле – қыздың оң жақта отырғандағы бас киімі. Күйеуінің ауылына жеткен соң басына жаулық салынады».[2].

«Қазақ хандығы. Алтын тақ» фильмін ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша «Centaurus Rustem Abdrashev production» ЖШС-нің қатысуымен Ш. Айманов атындағы Қазақ фильм киностудиясы түсірген. Айта кетсек, «Қазақ хандығы. Алтын тақ» фильмі Парижде өткен Қазақ киносының фестивалі аясында көрсетіліп, «Үздік тарихи туынды» естелік жүлдесімен марпатталды. Ұйымдастырушылар бұл сыйлықты фильмді көрермендерге таныстыру үшін Францияға арнайы барған режиссер Р. Әбдірашев және актриса М. Есмановаға табыстады. Фильмде оқиға желісі Жәнібек пен Керей хандардың Әбілқайыр Шайбани ұрпақтарымен Қазақ хандығының Сығанақтағы тағы үшін таласы айнала-сында өрбиді. Фильмнің сценарийі І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романының негізінде жазылған.

Әрине, бұл фильмнің осыншама жетістеіктерге жетіп, көрерменнің көңілінен шығуында актерлардың образдары да үлкен рөл атқарады. Фильмдегі костюмдердің өзіндік ерекше эстетикасы бар. «Қазақ хандығы» фильміндегі кейіпкерлердің костюмдерін жасауда түстік гармонияға өте жағары мән берілген. Фильмнен біз ерлердің костюмдерін жасауда көбінесе қоңырқай, сұрғылт түстер таңдалғанын көреміз. Сонымен қатар, сұлтандар мен батырлардың киімдері көлемді болғанын және оларды безендіруде түрлі металл әшекейлерді қолданғаны байқалады. Негізінен киімдер жүннен, теріден және киіз бен жібек маталарынан тігілген. Бұл түстер қазақ батырларының, жауынгерлерінің, сұлтандарының ешкімнен қорықпайтын батылдығын, ерлігін, еркіндігін көрсету үшін таңдап алынған. Бұл жайлы Қазақ хандығы фильмінің костюм суретшісі А. Аубакирова өзінің берген сұхбаттарының бірінде айтып өткен болатын.



Ал әйел адамдардың киімдерінің ерекшеліктерін бұл фильмде Қанық, Қызанай ханшайымдардың және Жаһанбике бәйбішенің костюмдерінен байқауға болады. Әйелдер киіміндегі түстік шешімде көбіне ашық, қанық түстермен қатар нәзік түсті реңктер де қолданылған. Шапандар мен комзолдарды тігуде киізді, барқыт матасын және жүнді, ал шапан астынан киген көйлектерге жібек матасын және қарапайым шыт мақта маталарды пайдаланған. Безендіру, әшекейлеу мақсатында майда ою-өрнектермен көмкеріп, әртүрлі алтын-күміс әшекейлерді қапсырып тігіп, матаны сыру тәсілдерін қолданған. Қазақ хандығы туралы тарихи деректерден сол кезеңдегі киім үлгісі жайлы



ақпараттар жоқтың қасы. Дегенмен, халқымыздың тарихында XV-XVI ғасырларға тән оқиға Қыз Жібек лиро эпостық жыры бар. «Қыз Жібек» жырындағы көштің суреттелуі тұнып тұрған этнографиялық деректерге толы. Көшпен келе жатқан әр қыздың жанынан өткен сайын, оның дене тұрқын, киімі мен әшекейін, мінген атына дейін жіті суреттеген. Сол жырдағы деректер арқылы XV-XVI ғасырлардағы ұлттық киімге талдау жасай аламыз.

«Алтынды кебіс сыртылдап,
Көшті тартып барады» [3]

Кебіс – мәсінің сыртынан киюге арналған, былғарыдан тігілген қонышсыз аяқ киім. Тігілуіне, жайпақтығына қарай көксауыр кебіс, шоңқайма кебіс, шекшек кебіс деп атаған. Жырда айтылып отырған кебіс осы. Бұндай кебіс Қазақ хандығы фильмінде Қанық бикеш пен Жаһанбике бәйбішенің образдарында байқалады.

«Хақтың жолын күткен жан болар дұрыс,
Баян жастың кигені алтын кебіс» [4].

Қазақ халқы аяқ киімі мен ат әбзелдеріне дейін алтынмен жалатып, күміспен күштеп отырған. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтарда өмір сүрген



сақтардан та байқалған. Оған дәлел К.А. Ақышевтің 1970 жылдары Есік қорғанындағы сақ тайпасының жас көсемінің зиратынан тапқан алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі – Алтын адам [5]. Сол кезеңдерде қазақтың үстіне киген киімі оның салауаты мен байлығын әшкерелеп тұрған. Бұл тұжырым қазақ хандығы фильмінде де көрініс тапқан. Фильмде ауқатты ерлер киімі былғарымен оюланып, кестеленген,



белдігіне теріден тігілген қалта-қоржыншаларды іліп жүретін былғары кісе белдік тағынған. Жарғақ шалбарларының балағын саптама етігінің қонышына қусырынған. Шекпендері өсімдіксал өрнектермен әшекейленген. Әйелдер үстіне жүннен тоқылған шұбар түсті матадан ұзын етек көйлек киіп, омырау тұсына дөңгелек алтын қапсырмалар қадаған. Көйлектің үстінен иығына ақ-қызыл түстермен кестеленген комзол жамылған. Бас киімі де өзгеше әшекейлерімен және түтікшелі бұрым қабымен ерекшеленеді.

Қазақ әйелдерінің киімдерінің тігу тәсілі бір болғанымен, оның матасы әр түрлі еді. Матаның әйелдің нәзік денесіне жайлы болуы басты талапқа кірген. Жібек матаның қазақ халқы үшін орыны жоғары сапалы болғанын жырдағы мына үзінділер әйгілейді:



Асфәһани кiлем бар,
Жiбектен гүлiн торлаған» [6].
«Қазинелi қырық нарға,
Жiбектен арқан тарттырған.
...дүрия бешпет белсенiп,
Орта бойлы дембелше,
Алтынды камзол жейдеше,
Сипатына қараса,
Бұрынғы қыздан өзгеше» [7].

Сонымен бiрге бұл жырда дүрия түрi айтылады. Дүрия да жылты-рауық, тығыз, жiбек мата. Дүриядан көбiнесе қыз-келiншектердiң көй-легi, қамзолы тiгiледi. Бешпет деп әртүрлi (барқыт, мақпал, дүрия) мата-дан тiгiлген, етегi тiзеден сәл жоғары келген жейде, көйлектiң сыртынан киетiн, киiп жүруге жеңiл сырткиiмдi айтамыз. Қамзол –XVIII ғ.-XIX ғасырларда қазақ халқы арасында кең тараған ұлттық киiм. Қамзол туралы мәлiметтер XIX ғасырдың ортасынан бастап кездеседi. Алайда, фильмде бiз қамзолдарды кездестiреміз. Яғни, осы тұста Қазақ хандығы фильмiндегi киiм үлгiсi шындықтың ауытқып кеткен болуы мүмкiн.

Қорытынды. XV-XVI ғасырлардағы ұлттық киiмнiң қандай болғаны және оның барлық ерекшелiктерi әлi толықтай зерттелмегенiн айта кеткенiмiз жөн. Дегенмен, «Қазақ хандығы. Алтын тақ» фильмiн қарай отырып, бiз Р. Әбдiрашовтың түсiрiлiм тобы өз жұмыстарына аса жауап-кершiлiкпен қарап, өте жоғары деңгейде орындап шыққанын көреміз. Әсiресе, костюм суретшiсi А. Аубакирова және оның көмекшi тобының ерекше талғаммен жасаған үлкен еңбегiнiң куәсi болдық. Өте аз ақпаратпен кино саласында осындай биiк белестердi бағындырар тарихи фильмнiң аясында жұмыс жасау өте жоғары бiлiктiлiктi талап етедi. «Қазақ хандығы. Алтын тақ» фильмi халқымыздың мәдениетi мен тарихын әлемге бұрмаламай жеткiзе бiлдi деген қорытынды жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тiзiмi:

1. Қазақ халқының ұлттық киiмдерi. – Алматы: 2021.

2. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qyz-zibek-zyry-algas-qagazga-tusken-nusqalary__19821
3. <https://ult.kz/post/>.
4. <https://www.oner.kz/news>
5. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: 2009.Т. 5. – 456 бет.
6. Б.Ө.Жақып. – Алматы: 2011.
7. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. – Алматы: 1995.

Қазақстандағы кемперлік туризм дамуының перспективасы

Нусенова Балымгүл

5 курс студенті мамандық «Өндірістік дизайн»

научный руководитель: Иманкул Марат

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Алматы қ. Қазақстан.

Қазіргі таңда елімізде туризм саласы дамып келеді. Туризм саласы арқылы әр елдің табиғатын көріп, салт-дәстүрімен танысуға деген қызығушылық артуда. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қаралған міндеттерде «туристер қызығатын орындарды дамыту және еңбек ресурстарын туризм саласына жаппай тарту, сыртқы және ішкі туристік ағынды түбегейлі өсіру, қолайлы туристік ахуал құру арқылы туристік салаға инвестицияларды ұлғайту, ішкі және халықаралық нарықтарда Қазақстанның туристік әлеуетін танымал ету, елдің туристік саласын толыққанды институттандыру арқылы туристік көрсетілген қызметтер мен өнімдердің қолжетімділігін және сапасын, сондай-ақ халықтың өмір сапасының деңгейін арттыруға» бағытталған [1].

Қазіргі кезеңде туристерді таңқалдыру өте қиын, себебі елімізге келген туристердің басым көпшілігі қонақ үйлерде тұрақтап, қала ішіндегі зәулім ғимараттарды, музейлерді т.б. қала ішіндегі мәдени ескерткіштерді көрумен ғана шектеледі. Туристер үшін қонақ үй жүйесі күнделікті көріп жүрген дүниелер. Соған орай Қазақстандағы кемпингтік туризмді қолға алып, саяхат трейлерлерінің заманауи талаптарын зерттеу арқылы туризмнің осы саласының маңыздылығы бен құндылығын көрсетуді мақсат ету керек.

Салыстырмалы түрде алғанда, көршілес Ресей мемлекетінің өзінде туризмнің бұл түрі жақсы даму үстінде. Touring Cars көлік компаниясының басқарушы директоры Максим Мигуновтың айтуынша: «Карантин кезінде ресейліктер автотуризмге белсенді қызығушылық танытты – моторлы үйлерге деген сұраныс рекордтық 40%-ға дейін өскен» [2]. Оның айтуынша, автомобиль туризмінің сегменті Ресейдің мәдениеті мен тарихын және этномәдениетін таныстыру үшін ең ауқымды және оны тез арада қолға алу және инфрақұрылымды аймақтарды дамытуға қаражат бөлуге мүмкіндік беретін құқықтық базаның болатындығын алға тартып отыр. Осы себептен, екі жыл бұрын қазақстандық нарықта «Satty Arba» компаниясы пайда болды. Бізде туризмнің бұл түрін ұстанушылар әлі де көп емес, бірақ соңғы уақытта жағдай жақсы жаққа өзгере бастады деп хабарлайды Kapital.kz тілшісіне «Satty Arba»

ЖШС директоры, Қазақстан кемпингтік туризм және керуендеу қауымдастығының төрайымы Баян Шапағатова [3].

Біздің еліміздегі автокөліктер мен керуендер нарығын қалыптастыру үшін бастапқы жағдайларды жасау, өз территориямызда кемперлер өндірісін немесе құрастыруды кеңейту жүйесін қолға алу керек. Қысқаша айтқанда, автомобилдік туризм – адамдардың тұрғылықты жерінен басқа елдерге немесе аймақтарға саяхатында негізгі көлік құралы жеке немесе жалға алынған автокөлік болып табылады. Автомобильдік саяхат – туризмнің бір түрі болып есептелінеді. Моторлы үй, трейлер, кемпер, керуенді үй... бұл құрылымдардың атаулары көп болғанымен, мәні өзгермейді. Бұл атаулардың барлығы ерекше (қозғалмалы немесе жылжымалы) үй деген мағынаны білдіреді, және әрқашан барлық жерде иесінің қасында болатын тұрғын үй түрін сипаттайды, өйткені ол автомобильге тіркеме түрінде жасалған немесе микроавтобус, автобус немесе жүк көлігінің негізінде тікелей салынған. Жылжымалы үй жиһазбен және тұрмыстық жабдықтармен, соның ішінде сантехникамен және ас үй ыдыстарымен жабдықталған толыққанды тұрғын үй кешені. Қозғалыс әдісі бойынша мұндай үйлер, кемперлер автокөлікке негізделген, өз бетімен қозғалатын шағын үй.

Туризмдегі осылай саяхаттау үрдісін қалыптастырған ел Америка мемлекеті болып табылады. Өйткені дәл осы елде дөңгелек үстіндегі (автокөлік) үйді құру идеясы пайда болды. Кейіннен бұл көлік түрі Еуропада бағаланып, көптеген елдерде шығарыла бастады. Бүгінгі таңда жетекші орынды (Америкамен тең деп айтуға болады) Германия иеленеді. Кемпингтік демалыс қалалық ортадан қашып, табиғат аясында болу мүмкіндігін сипайтын демалыс түрі. Адамдардың көпшілігі шатырдағы, табиғат аясындағы демалысты қонақүй бөлмесінен артық көреді. Өйткені мұндай демалыс түрінің өзіндік айқын емес бірқатар артықшылықтарының 4 түрін Артур Каримбаев өзінің авторлық блогында ұсынған [4]:

1. Үнемділігі;
2. Қол жетімділігі;
3. Ұтымдылығы;
4. Жайлылығы .

Артур Каримбаев үнемділігі туралы жазғанында, көбінесе жалға берілетін үйлерде, қонақүйлерде және демалыс орталықтарында тұру айтарлықтай қымбатқа түсетіндігін және сұранысқа ие танымал туристік аймақ туралы айтқан. Оның орнына шатырда тұру немесе моторлы үйді жалға алу едәір арзанға түсетіндігіне дәлел келтіреді. «Жабайы табиғатта» автотұрақ мүмкіндігінше толығымен тегін болады.

Қол жетімділігіне келетін болсақ кемпингтік саяхаттың түрі арнайы немесе бір карапайым физикалық дайындықты қажет ете қоймайды. Ол үшін бар болғаны көлік жүргізу мен картаны қолдануды білсе жетерлік. Кемпингтік демалыс командамен, достармен немесе туыстармен сөйлесіп, қаланың күйбең тіршілігінен демалуға мүмкіндік береді десек артық емес.

Ұтымдылығын айтар болсақ, кемперде демалудың ұтымды тұсының бірі, қонақ үйдегідей кезекте тұрып тіркеу бөлімінен өтуді қажет етпейді. Түскі асқа, тіркелу немесе шығу уақытына асығудың да қажеттігі жоқ. Демалушылар

өздеріне ыңғайлы жерде және ыңғайлы кезде демалуға әрқашан дерлік орын бар!

Жайлылығын алар болсақ: қонақ үйде тұрақтау ыңғайлы әрі қауіпсіз. Алайда әрбір қонақ үйдің өзіндік қатаң тәртібі мен ережелері бар. Олардың бірі: қонақ үй бөлмесіне үй жануарларымен кіруге рұқсат жоқ. Кейбір қонақ үйлерде бөлмеде тамақтануға тиым салынатын ережелерді де кездестіруге болады. Сол себепті қонақ үй асханасынан немесе жақын орналасқан мейрамханадан тамақтануға тура келеді. Ал кемперде демалу кезінде тамақтану мәселесі тек өзіңізге байланысты. Ыңғайыңызға қарай өзіңізбен қалаған азық-түлігіңізді ала-аласыз және тамақты өзіңіз дайындауға мүмкіндігіңіз болады. Және де демалысқа өзіңізбен бірге сүйікті үй жануарыңызды да ала аласыз.

Кемперлік көліктердің түріне келер болсақ. Еуропалық Одақ стандарттарына сәйкес кемперлік көліктер төрт түрге бөлінеді: біріктірілген, жартылай біріктірілген және шатырлы (Альковен) кемперлер, сонымен қатар тұрғын үй түріндегі микроавтобустар (Кастенваген).

Біріктірілген автокөлік. Стандартты автомобильден біріктірілген мотор үйін жасау үшін тек қозғалтқыш-беріліс қорабы мен шасси қолданылады. Кабина, керісінше, эксклюзивті дизайнға ие және автокөлік тұрғын үй кеңістігіне толығымен біріктірілген, сондықтан атауы «біріктірілген». Әрине, мұндай моторларды өндіру кез келген басқа моторларға қарағанда қиынырақ, сондықтан олар үшін баға жоғары және олар аз мөлшерде шығарылады, ал өндірушілер оларды ең жоғары деңгейде аяқтайды. Сондықтан, егер мотор үйі біріктірілген болса, онда бұл көбінесе бизнес немесе премиум мотор болып табылады.

Кемшіліктері: өте жоғары баға; ең көп таралған Fiat Ducato шассиінде, әдетте, мотор үйінің периметрі бойынша пластикалық корпус жиынтығына байланысты мотор үйінің алдыңғы бөлігінің саңылауы азаяды. Iveco және MB шассиінде бұл мәселе әдетте болмайды, бұл шассидің дизайн ерекшеліктеріне байланысты.

Қолдану нұсқалары: екі-бес отбасы мүшелеріне отбасылық демалыс; мобильдік кеңсе ретінде, қымбатты қонақтармен кездесу немесе шалғай сайттарға саяхат ретінде пайдалану.

Жартылай біріктірілген моторлы үйі. Негізінде, бұл альковты автокөлікпен бірдей, тек кабинаның үстінде мұндай үлкен қондырма жоқ. Кабинаның үстінде, екі орынды кереуеттің орнына, әдетте, шағын ілулі қораптар бар. Тұрғын модуль сонымен қатар сэндвич-панельдерден жасалған және стандартты автомобиль кабинасы бар жақтауға салынған.

Кемшіліктері: жолаушыларды сыйымдылығы алколькопті моторға қарағанда аз, кемдегенде 3 адамға арналған.

Қолдану нұсқалары: отбасылық демалыс немесе екі - төрт адамға шағын компанияда демалыс; мобильді кеңсе ретінде, алдыңғы орындықтары бар үлкен асхана тобының арқасында.

Альковты кемпер. Моторлы үйдің бұл түрінің басты ерекшелігі - автомобиль кабинасының үстіндегі шығыңқы қондырма бөлігінде - қосымша екі адам сиятын кереует орналасқан «альков». Мұндай моторлардың тұрғын үй

модулі стандартты кабинасы бар автомобиль шассиіне салынған. Тұрғын үй модулінің бүкіл құрылымы, оның қабырғалары, едені және шатыры моторлы үйдің жылу оқшаулауын жақсартатын арнайы сэндвич-панельдерден моторлы үй зауытында жасалған. Шатырлы моторлы тұрғын үй модулі стандартты микроавтобусқа қарағанда әлдеқайда кеңірек жасалған, соның арқасында моторомның ішкі кеңістігі ұлғаяды. Alcove моторомдары олардың әмбебаптығы мен орналасуларының үлкен әртүрлілігіне байланысты ең көп сұранысқа ие моторомдар түрі болып табылады.

Қолдану нұсқалары: 4-7 адамнан тұратын топтық саяхат; балалары бар көп балалы отбасымен саяхаттау үшін өте ыңғайлы көлік.

Тұрғын үй түріндегі микроавтобус (кастенваген). Сырттай бұл төбесі биік тұрғын микроавтобустар, яғни зауыттық стандартты толық металл фургонның ішіне салынған моторомдар, бұл оны моторомдардың ең маневрлі түріне айналдырады. Тұрғын үй жиһазбен және кәдімгі басқа моторлы үйлердегідей барлық қажетті кіріктірілген құрылғылармен жабдықталған.

Кемшіліктері: іші тар, не дегенмен үлкен өлшемдегі көліктің орны сезіледі; әдетте тек екі адамға арналған, кейбір модельдерде төрт адамға дейін сияды, бірақ бәрі-бір екі адаммен саяхаттау өте ыңғайлы; қабырғалардың жылу оқшаулауында басқа моторомдардан қатты ерекшеленбейді; жылу орнату жүйесі қарастырылмаған.

Қолдану нұсқалары: екі-төрт адамнан тұратын шағын компанияда отбасылық сапарлар немесе мерекелер үшін; жақын аймақтарға іссапарлар; әмбебап көлік ретінде, жұмыс күндері автокөлік ретінде, демалыс күндері моторлы үй ретінде қолдануға таптырмас көлік түрі.

Қазақстандық кемпингтік туризм және керуеншілер қауымдастығының президенті Баян Шапағатова айтқандай, «қазақстандықтардың автотуризмнің бұл түріне деген қызығушылығы жыл өткен сайын артып келеді. Көптеген отандастарымыз осылай саяхаттағысы келеді. Бірақ бұл арзан болмағандықтан, шын мәнінде бізде автокөлік иелері онша көп емес. Қазақстанда керуеншілік енді ғана дами бастады. Көліктер арзанырақ болса, мұндай туризм танымал болар еді. Бірақ әр қалада керуенді ұнататындар бар деп нақты айта аламын. Керуеншілік жақсы, өйткені бір сапарда сіз әртүрлі жерлерді аралай аласыз. Сіз қонақүйлердің қолжетімділігіне байланысты емессіз. Сізге тек маршрут қажет. Үйің дөңгелек болса, құстай еркінсің». Салмағы 750 келіге дейінгі шағын моторлы үйлер Қазақстанда танымал. Бес метрлік тіркемелер екі бөлімнен тұрады: ас үй және жатын бөлме. Олардың құны 1,5 миллион теңгеден басталады. Қазақстанда сатылатын барлық арзан моторомдар Еуропада 80-жылдары шығарылған. Жаңа тіркемелердің құны алтыдан үш жүз миллион теңгеге дейін, олар нағыз дөңгелекті яхталар. Ішкі туризмді дамытуға тырысуға болады. «Triumph travel burabay» туристік компаниясының директоры Дамир Байымбетов [9] дәл осылай өзінің интернет желісінде жазады. Жеке пайдалануға арналған дөңгелекті автокөлік сатып алу оны туризм идеясына шабыттандырды. "Бізде екі адам еркін орналаса алатын лагерьлер бар, және төрт адамға арналған. Олардың барлығы бір тоңазытқышпен, газ плитасымен, газ баллонымен, газ жылытқышымен, ванна бөлмесімен жабдықталған. Орташа конфигурацияда үш ересек адам түнеуге оңай

болады. Бір тіркеменің салмағы 750 келі. Бұл өте ыңғайлы, өйткені адам жеңіл автокөлікті басқаруға құқық санаты болса, тіркемені тасымалдау үшін оған қосымша 1 санаты қажет емес. Біздің еліміздегі автокөліктер мен керуендер нарығын қалыптастыру үшін бастапқы жағдайларды жасап, өз территориямызда кемперлер өндірісін немесе құрастыруды кеңейту жүйесін қолға алу керек. Дәл осы тақырыпты алудың бірден бір себебі – Қазақстандағы туризмді дамытуды қолға алу. Қазіргі таңда Қазақстан аумағында әртүрлі этникалық компоненттердің қосылуы аясында біртіндеп біртұтас ұлттың стиль қалай қалыптаса бастағанын көруге болады. Бұл қазақ халқының қонақты қуана қарсы алатын және оған жомарт дастархан жайып, ашық-жарқын әңгіме-дүкен құратын қонақжай халық екендігінің дәлелі болып табылады.

Шетелдіктер көбінесе бұл елді тек жылқылары, қойлары мен түйелері бар шексіз дала түрінде елестетеді, бірақ бұл біздің жағдайдан алыс. Мұнда келген әр саяхатшы шөлге шексіз құмдармен қоймай, тығыз ормандарымен серуендеп, ең әдемі тау көлдерінің немесе өзендердің бірінде жүзе алады, кең далада атпен шаба немесе Орал мен Алтай тауларында тау шаңғысы немесе альпинизммен айналыса алады. Экологиялық туризмді ұнататындар жұмбақ үңгірлерді, ежелгі каньондарды және басқа да қорғалатын жерлерді міндетті түрде көруі керек, сонымен қатар осы керемет елдің шексіз әлемі мен кеңістігін толық бағалау үшін ұлттық киіз үйде міндетті түрде тұрып көруі керек деп санаймын. Алайда қазір технологиялардың дамыған заманы болғандықтан, саяхаттау кезінде ешбір шектеусіз саяхаттау үшін кемперлік туризмді алға тарқым келіп отыр. Сол себептіде жоғарыда айтылғандай еліміздің салтын көрсету үшін дөңгелек үстіндегі үйді қазақи нақышта этностильдік ерекшеліктерімен ұсынғым келіп отыр. Этно стилдік нақышта деп отырған себебім, көліктің интерьер бөлігіне қазақ халқының киіз үйінің бір бөлігінде отырғандай әсер сыйлау үшін, киіз үйдің бөліктерін қосып көрсетсек. Қозғалыс кезінде үй дәстүрлі тіркемеге ұқсайды, бірақ автотұрақта арнайы түймені басқан кезде тұрғын үй модулі 90° бұрылып, террасаның кеңістігін ашады. Осылайша, айтылған амалдың арқасында пайдалы аумақты 1,5 есеге артыруға болады. Үйдің жабық бөлігінің ауданы 4 м². Кемперде қонақ бөлмесі мен кең жатын бөлме ұйымдастырылады, олардың арасында кіріктірілген ас үй, душ және жуынатын бөлме болады. Жатын бөлменің ерекшелігі: жатын орын киіз үйдің төрінде тұратын жұкаяқа ұқсатылып композицияланса. Төсектің екі жағында кішкентай көлемде жәшіктер қойылса, ал оның ерекшелігі - үстіңгі қабаты трансформерлік механизммен жабдықталса. Біріншіден зат салуға қолдануға болады, екіншіден үстіңгі қабатының механизм арқылы үлкеюі тамақ ішу орнына айналдыруға мүмкіндік береді. Терраса асхана және демалыс аумағы ретінде қызмет етеді. Авто үйдің едені мен төбесі жасанды тикпен қапталған — жаңбырдан да, ыстықтан да, аяздан да қорықпайтын салыстырмалы түрдегі жаңа материал. Футуристік тіркеменің өлшемі 4×2м. Оның тегіс ақ корпусы композиттік материалдан жасалған және бүкіл құрылым берік көміртекті болат шассиге бекітілген. Сонымен қатар, тіркеме гигроскопиялық өздігінен тегістейтін ауа кондиционермен жабдықталған. Жатын бөлмеде, қонақ бөлмеде және террасада кіріктірілген дыбыстық жүйесі бар; барлық бөлмелердегі терезелер перделермен жабдықтауға болады. Кемперді

ді шатырға орнатылған күн панельдері электр қуатымен қамтамасыз етеді, ал жылу жүйесі мен пеш дизельмен жұмыс істейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
<https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/kr-turizm-salasy-damytudyn-2019-2025-zhyldarga-arnalghan-memlekettik-bagdarlamasy-9111522>
2. На колесах: коронавирус подтолкнул россиян к автопутешествиям
<https://www.gazeta.ru/business/2020/05/28/13099825.shtml>
3. Вдали от карантина: дом на колесах стал самым безопасным видом отдыха в Казахстане
<https://baigenews.kz/>
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы.
5. Рябцев Д. В. Дизайн помещений и интерьеров в 3ds max 7 (+CD). – СПб.: 2007. – 272 с: ил. қаулысы.
6. Черепанов Л.А. Расчет тяговой динамики и топливной экономичности автомобиля. Тольятти: 2001. – 40с

Валяние из шерсти в работе оригинального авторского панно

Салимжанова Камилла

*студентка IV курса специальности «Художественное ткачество»
научный руководитель: Дадырова А. А. к. филос. н.доцент КазНУИ
Казахский Национальный университет искусств
г. Астана. Казахстан.*

Валяние из шерсти – это одно из древнейших средств при работе и текстилем, и совершенно уникальное и неповторимое явление в декоративно-прикладном искусстве. Некоторые мастера и мастерицы создают при помощи валяния из шерсти абсолютно новейшие техники, которые может быть ранее не были использованы.

Не секрет, что в последние годы, все что сделано из шерсти, войлока, выполнено ручным трудом, наоборот, пользуется очень большой популярностью и спросом, хотя, такой вид искусства, стоит дорого, но и ценится высоко.

В Казахстане, благодаря поддержке государства, культурной политики по развитию культуры, искусства, сохранению наших отечественных и национальных традиций, удается беречь и передавать знания об истории и технологии выполнения изделий и предметов из войлока, шерсти. Поэтому в настоящее время, такие ценные тенденции только усилились, и обрели особое звучание и сакральность, где присутствует ручной труд, с применением натуральных материалов, что свидетельствует об экологическом мышлении, сохранять планету, как можно дольше, окружать себя качественными вещами. Как известно люди очень давно, в прежние времена обучились работать с

шерстью, используя, так называемый метод валяния. Из этого, следует подчеркнуть, что изначально шерсти и войлоке люди нуждались, ну, а затем, эта жизненная потребность перетекла в очень красивое творческое и художественное искусство, представ как важное направление декоративно-прикладного искусства. Стоит, отметить, что валяние из шерсти – это ручной труд, который ценится высоко, так как требует огромных человеческих ресурсов и затрат. Лев Николаевич Гумилев писал, что: «Чтобы сравнивать древнейшие культуры, уровень совершенствования технологий, вначале всегда необходимо учесть всю систему ценностного которая принадлежит народу» [1].

Вообще, валяние из шерсти очень уникальный и художественный процесс, где важно применять творческий подход, креативность, вдохновение. Ведь из шерсти можно изготовить и выполнить много разных художественных произведений, предметов. В технологии валяния из шерсти применяют только натуральные, экологические стабильные материалы, и конечно же, наиболее удобна в использовании, это овечья шерсть. Хотелось бы обратить внимание, что пишут в источниках, а именно: «История развития техники валяния чрезвычайно интересна. Много веков назад кочевники Евразии делали из шерсти не только покрытие для юрт и нехитрые предметы домашней утвари, но и многое другое [2]. Не ошибемся, если заметим, что самые древние формы этого вида искусства были найдены на территории Древней Азии, но еще ранее такого рода экспонаты были раскопаны там, где много веков назад была античная цивилизация, это места Греческих городов полисов и Римских поселений. Были найдены очень многие предметы из войлока, самые различные фигурки. По материалам изучения, мы знаем, что были созданы два способа валяния, это мокрое и сухое валяние. Еще другое название сухого валяния – это фильцевание, когда очень много раз определенной иглой прокалывают подготовленный материал из шерсти, тем самым валяя все это в единую структуру. Когда происходит столь увлекательный процесс, то волокна шерсти обязательно начинают путаться друг с другом, при котором начинает формироваться компактный и солидный материал. Особо заметим, что, когда работают с войлоком, при способе сухого валяния, то в практике изготавливают картины. При работе со способом мокрого валяния, прибегают к мыльному раствору, и в итоге получают предметы из нетканого сырья. Вместе с тем же, уже в настоящее время, совершенно очевидно, что с каждым разом, растет внимание к валянию, так как, такие предметы, во-первых, уникальны, авторские, по большей части, эксклюзивные. В отличие от произведений изящного искусства, предназначенных для эстетического наслаждения и относящихся к чистому искусству, многочисленные проявления декоративно-прикладного искусства могут иметь практическое употребление в повседневной жизни человек [3]. Войлок мелодичный, удобный материал, и в народном творчестве, все пришло от номадизма, данное сырье особо ценно и значимо. В казахской культуре, в народном искусстве, предметы, изготовленные из войлока, это не просто, созданные вещи в силу, тех суровых климатических условий, в которых жила и продолжает жить степь, и прежде, номадическое общество. То, что обстоятельства, связанные с особо холодным климатом, стали одной из

первопричины, обращения к войлоку и шерсти, это важно, но, кроме этого, здесь сказался дух, сообразительность и находчивость казахского народа. Ведь войлок, который применяли при создании тех или иных вещей художественного образа или формы, это не только чувствительно, мягко. Но, и прежде всего, это философия номадического социума, его бытия, осознанности, тяги к духовной мысли, где практические вещи, созданы натуральными материалами. Важно подчеркнуть, что конечно, же шерсть из овцы может иметь очень изобилующую цветовую палитру, например, начиная с белого или молочного цветов, и рыжего, либо коричневого до черного цвета. Когда же промоют эту шерсть, то после у нее невероятный благоухающий аромат и яркость. Когда мастера начинают создавать прекрасные экспозиции из овечьей шерсти, то, нет никаких преград для художественных или творческих идей, появляются новые замыслы, как изготовить многообразные предметы, с непревзойденными, дивными узорами, рисунками.

Хотелось бы отметить, что в мире, где везде много социальных сетей, широкой цифровизации, расширения влияния интернет технологий, можно убедиться, что декоративно-прикладное искусство в Казахстане, продолжает иметь невероятную усиливающуюся силу объединить, сплотить, показать, как крайне важно развивать такие виды искусства. Не секрет, что благодаря этим искусствам, можно воспитывать патриотические ощущения и настроения, где проявляются любовь к родине, родному краю. Поэтому, народное войлочное искусство в нашей стране, и отличимое тем, что в нем присутствуют, все эти важные мотивы, где невозможно оставаться равнодушным. Войлок и шерсть, эти натуральные и экологичные материалы, становятся в руках очень талантливых мастеров и умелиц, художественными изделиями, где фантазии и замыслы авторов-художников находят свое место на этих великолепных полотнах.



В ходе работы над проектом мы обучились приёмам работы с шерстью, а именно валянию из шерсти. Поэтому сейчас продолжается работа с валянием из шерсти, выполняется комплект «Шығыс шырайы». Очень важно научиться изготавливать войлок своими руками, в таком случае можно легко и непринуждённо создавать потрясающие образы, согласно всем последним тенденциям моды и оставаться на высоте при любых обстоятельствах. Почему комплект так называется? Когда-то, давно, увиденная красивая картинка в арабском стиле в интерьере дома, потрясла, заворожила, и еще это, прежде всего, дань традициям восточного уклада жизни. Ниже представлены эскизы на графических листах.

Описание эскиза: арабский стиль в интерьере – это популярное этническое направление, которое сформировалось в VII веке под влиянием разных культур, истории и традиций восточных стран.

Восточный дизайн невозможно представить без ярких, выразительных украшений, росписи, заморских предметов интерьера. Стиль объединяет архитектурные особенности арабских народов.

На основе изучения материалов о валянии шерсти, с учётом современных модных направлений стоит задача самостоятельно выполнить комплект «Шығыс

шырайы». Проработка выбранной темы в эскизе (поиск композиции, ракурс, компоновка расположения фигур; поиск окружающей в эскизах.



Вначале лучше выполнить в маленьком формате, так легче установить основное композиционное построение. Эскиз может считаться приемлемым если содержание картины читается с первого взгляда и её основная мысль понятна. Надо добиваться именно такого впечатления, тем самым, выбрав объект исследования тематических характеристик. В процессе работы производится сбор материала к акварельной бумаге, выполняются дополнительные рисунки с натуры отдельных частей интерьер в арабском стиле.



Композиция жанровой картины, лишённая глубокого замысла, никогда не получится в художественном произведении. Весь процесс работы над композицией – это процесс обогащения, всесторонней разработки и реализацией идейного замысла, а включает тот круг идей, чувств и мыслей своём произведении.

Тема должна обязательно рождаться из глубокого знания определенного круга жизненных явлений из опыта. С момента определения сюжета и стартует большая работа в ходе создания эскизов композиции. Эскиз – это проект картины, первый этап работы над картиной.

Во многих вариантах эскиза надо добиться наибольшей выразительности решения, правдиво разместить объекты, найти смысловой центр, который должен привлекать главное внимания зрителя. Это положение относиться не только к построению сюжета, взаимоотношений персонажей, установлению поз и движения фигур. При создании эскизов (формат от 16×15см) решаются дополнительные задачи: цветовые отношения, соотношения тёплых и холодных тонов, особенности освещения. Необходимо решать эти задачи не изолированно, а одновременно с образным замыслом работы. Для этого и делаются композиционные наброски, зарисовки, которые в дальнейшем могут стать завершённым художественным произведением, на полотне, гобелене, или из шерсти в процессе валяния.



Список использованной литературы:

1. Гумилев Л. Н. Древняя Русь и Великая степь. – М.: 2015. – 433 с.
2. Акрамов Х. М., Мухитдинова Ж. Р. Ознакомление студентов с историей народного промысла как фактор их профессиональной подготовки. // Приволжский научный вестник – В. 2016. – С. 25.
3. Искусствовед. Очень культурный проект, дата обращения 19 марта 2023 год. <https://iskusstvoed.ru/2016/10/14/dekorativno-prikladnoe-iskusstvo-vi/>.

Характерные черты композиционно-художественных решений средневековой архитектуры города Туркестан

Серикпаева Лаура

студентка 5-курса, спец. «Дизайн одежды»

научный руководитель: Наханова Б. У.

Казахский национальный университет искусств

В настоящее время в мире происходят глобальные преобразовательные процессы, которые создают материальную среду для человека и затрагивают его идеологию, философию, культуру, науку и образование. Социальные преобразования, научный и культурный прогресс, образ жизни человека, исторические и природные условия все это отражается на архитектуре, от строения городов до отдельных деталей здания, от мировоззрения человека до творческого мышления, его культуры и знаний.

Архитектурно – художественное творчество – сложно организованный вид человеческой деятельности, который порождает эстетически качественно новое произведение искусства, и обособляется своей оригинальностью и общественно – исторической уникальностью. Со временем накапливается уникальный опыт архитектурно- художественного творчества, увеличивается арсенал культурного наследия, традиций и видов созидания, преумножается инструментарий методов, профессиональных приемов, преобразуется мировоззрение, развивается творческое мышление.

Данная статья рассматривается с точки зрения особенностей художественных решений средневековой архитектуры сквозь призму исторических памятников Туркистана, как колыбели тюркского мира, где отражается его культурное наследие и философия. Туркестан – перенемэто

духовное созвучие, соединяющее прошлое и настоящее тюркского народа. История южного региона Казахстана, на многие века ставшего важнейшим политическим, культурным и историческим центром страны, насчитывает более двух тысяч лет. Здесь зародилось казахское государство, тысячи лет назад возникли и развивались древние центры международной торговли, здесь началось распространение ислама по казахской земле.

На протяжении сотен лет Туркестан олицетворял собой огромный регион, который теперь принято называть Центральной Азией, и включал обширные территории от Сибири до Афганистана и от Каспийского моря до Монголии.

Рассматривая этот регион, в первую очередь следует обратить внимание на Мавзолей Арыстан-Баба (фото 1.). Это архитектурный памятник XII-XIV веков, вблизи развалин древнего Отырара Южно-Казахстанской области. Мавзолей был возведен над могилой известного религиозного мистика Арыстан баба, жившего в XII веке. Вероятно, тогда же был сооружен его мавзолей, о котором нет достоверных сведений. По мнению некоторых исследователей, он прошел эволюцию, аналогичную сайрамским мавзолеям. В XIV веке по приказу Тимура на месте разрушавшегося здания было возведено новое сооружение. Но и оно не дошло до наших дней. В настоящее время над могилой Арыстан баба стоит мавзолей площадью 35x12 метр, сложен из жженного кирпича. В отделке фасадов применена фигурная кирпичная кладка. Протяженный главный фасад фланкирован двумя минаретами и украшен фигурной кирпичной кладкой. Сохранившееся здание строилось в первое десятилетие XX века. Оно представляет из себя комплекс, состоящий из двух частей – двухкамерной усыпальницы (гурханы) и поминальной мечети, объединенных большим сводчатым коридором. Гурхана перекрыта двумя одинаковыми высокими сфероконическими куполами. В первом ее помещении установлено огромное надгробие Арыстан-Баба, во втором - помещены надгробия его учеников и последователей Хермет-Азыра, Карга-Баба, Лашын-Баба. Наиболее выразительным элементом архитектуры мавзолея-мечети Арыстан-Баб выступает портал. Но это не привычный среднеазиатский портал-пештак с арочной нишей в прямоугольном обрамлении, а новая архитектурная форма, составленная из декоративных элементов, заимствованных из европейского и русского зодчества XIX в. Очевидно, новые веяния не обошли мавзолей мусульманского святого. Сохранилась пара резных деревянных колонн, которые исследователи относят ко второму периоду строительства этого мавзолея (XIV - XV вв.). По историческим данным, этот мавзолей в XII-XVIII веках несколько раз был перестроен и отреставрирован. В настоящее время мавзолей является одной из мусульманских святынь Центральной Азии и является местом паломничества. С 1982 года Мавзолей Арыстан-баба находится под охраной государства [1].




Фото 1.

Древние города и поселения, памятники архитектуры и святые места делают Туркестан уникальным местом для туристов. Основным объектом на туристической карте региона был и остается мавзолей Ходжи Ахмеда Ясауи (см. фото 2.), расположенный на территории историко-культурного музея-заповедника «Хазрет Султан». Суфийский поэт Ходжа Ахмед Ясауи пользовался большим уважением и оказал огромное влияние на распространение ислама в Средней Азии. Многие легенды рассказывают о жизни этого человека, о его деяниях и учениях. Важность этого проповедника оценил и Тамерлан, начавший строительство мавзолея.



Фото 2.

Империя Тимуридов была основана в 1370 году и включала территории современного Узбекистана и часть Казахстана. Архитектура Тимуридов использовала некоторые сельджукские традиции и представляла собой грандиозные здания, построенные из обожженных кирпичей. Внешний вид зданий был украшен высоко детализированным синим и бирюзовым линейным и геометрическим узором глазурованной плитки, вдохновленным иранской техникой баннаи. В соответствии с исламской архитектурой, архитектура

Тимуридов также часто имеет купола и минареты, последние из которых вызывают призыв к молитве. На юге современного Казахстана влияние архитектуры Тимуридов можно найти в Туркестане. Одним из примеров этой архитектуры является мавзолей Ходжи Ахмеда Ясауи, который был построен в 1389 году Тимуром в целях замены меньшего мавзолея XII века. Целесообразно отметить, что частично недостроенный мавзолей является исламским стилем в архитектуре Тимуридов. Он построен из обожженного кирпича и украшен геометрическим орнаментом из глазурованной плитки. Мавзолей также украшен изразцовыми узорами внутри здания. [2]

